ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ТАЙТЕЛИЕВ АСХАТ АҚЫЛБЕКҰЛЫ

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмді алдын алудың ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері

7М04203 - «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
дәрежесіне алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының Жалпы заң
пәндері кафедрасының аға
оқытушысы З.К. Мұратжан, философия
докторы (PhD), әділет кеңесшісі

_____

Қосшы қ., 2026 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын-алуды ұйымдастырушылық құқықтық жағдайына арналған. Зерттеуде барысында осы институтты реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, отандық және шетелдік тәжірибесі жан-жақты талданды. Қазіргі құқықтық жағдайындағы заңнамалық және практикалық мәселелері қаралды. Жинақталған мәліметтер негізінде оларды анықтауға бағытталған іс-әрекеттер және заңнаманы жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірленді.

Магистрлік диссертацияның құрылымы мақсаттар мен міндеттерге байланысты және кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздердің тізімінен тұрады.

РЕЗЮМЕ

Данное диссертационное исследование посвящено организационно-правовому состоянию предупреждения религиозного экстремизма среди несовершеннолетних в Республике Казахстан. В ходе исследования был всесторонне проанализирован отечественный и зарубежный опыт, а также нормативно-правовые акты, регулирующие данный институт. Рассмотрены законодательные и практические пробелмы в современном правовом состоянии. На основе собранных данных разработаны предложения и мероприятия, направленные на их выявление, а также на совершенствование законодательства.

Структура магистерской диссертации соответсвует целям и задачам и состоит из введенеия, двух разделов, заключения и списка использованных источников.

RESUME

This dissertation research is dedicated to the organizational and legal framework for preventing religious extremism among minors in the Republic of Kazakhstan. During the study, domestic and foreign practices, as well as normative legal acts regulating this institution, were comprehensively analyzed. Legislative and practical issues in the current legal framework were examined. Based on the collected data, actions aimed at their identification and recommendations for improving legislation were developed.

The structure of the masters dissertation corresponds to the objectives and tasks and consists of an introduction, two chapters, a conclusion, and a list of references.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....5

КІРІСПЕ.....6

1. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ
1.1 Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм көріністерінің белгілері мен түсінігі.....14
1.2 Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизмнің алдын алудың нормативтік-құқықтық базасы.....27

2 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫ
2.1 Экстремизмнің алдын алу субъектілерінің жүйесі және олардың өзара іс-қимылы.....37
2.2 Құқық қолдану практикасын талдау және алдын алу шараларын іске асырудағы проблемаларды анықтау жетілдіру бойынша ұсыныстар.....50

ҚОРЫТЫНДЫ.....59

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....61

ҚОСЫМША 68

АНЫКТАМАЛАР

Осы диссертацияда сәйкесінше анықтамалары бар келесі терминдер қолданылған:

Радикал – әлеуметтік өмірде және дінде қолданыстағы жүйені түбегейлі, қатаң немесе қарқынды өзгертуді жақтайтын көзқарас.

Манифестация – белгілі бір саяси, оқиғаға немесе мәселеге қатысты өз көзқарасын немесе наразылығын білдіруші

Дестабилизация - тұрақсыздық

Диагностика - техникалық құралдарды іздестіруге және анықтауға арналған теория

Превентив – алдын алу, ескертпелі

Идеология – мемлекеттің мүддесін білдіретін идея

Миссионер – дін таратушы, дінге үндеуші

Догма – дәлелдеуді немесе тәжірибелік тексерісті қажет етпейтін, ешқандай күмәнсізақиқат ретінде қабылданатын қасаң қағида

Канон – белгілі бір салада өзгермейтін норма

Плюрализм – әртүрлі пікірлердің көзқарасы

Толерант – басқа адамдардың көзқарасына, ойпікіріне түсіністеншілікпен қарау

Синтез- өңдеу, мәліметтерді жеке өңдеуден біртұтас жүйеге біріктіру

Аналогия – әр түрлі заттар, ұғымдардың қасиеттері мен белгілері бойынша ұқсастығы, сәйкестігі

Феномен – ерекше кездесетін таңғажайып құбылыс немесе факт

Мониторинг – нысандарды жүйелі түрде бақылау

Конфессия – белгілі бір діни ілім шеңберіндегі дінге сенушілік ерекшеліктері

Интерпретация – оқиғаға өз түсінігі бойынша түсініктеме беру

Тоталитарлық – мемлекеттік қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларының толық бақылауға алатын авторитарлық басқару жүйесі

Культ – тылсым күштерге, құдайға немесе ерекше қасиетті нысандарға сену

Плюралист – қоғамда, саясатта немесе дүниетанымда әртүрлі пікірлердің, көзқарастардың, партиялар мен мүдделердің қатар өмір сүруін қолдайтын адам

Индивидуалист - өз бетінше әрекет етуді ұнататын адам

Деструктив – бүлдіргіштік, залал тигізуге ұмтылыс

Эмпатия – басқа адамның сезімдерін эмоциясын, жан дүниесін түсініп бірге уайымдау

Маргинализация – адамның немесе әлеуметтік топтың негізгі құрылымынан шеттетіліп, қалпына келтіру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ІІМ ЭҚІҚД	Ішкі істер министрлігінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті
АҚШ	Америка құрама штаттары
ЦРУ	Центарльное разведывательное управление
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
ӨР	Өзбекстан Республикасы
БП	Бас прокуратура
ҚК	Қылмыстық кодекс
ӘҚБТК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Мемлекетемізде әр түрлі қоғам құндылықтар жүйесінің жаңғырумен бірге мемлекетіміз көп этносты және түрлі дінді ұстанушылық болуына орай, ересек азаматтармен бірге, кәмелетке толмағандар ортасында ислам дініне қызығушылық таныту құбылыстары байқалуда. Мұнда негізгі дінге деген бұрмалану қауіптерінің бірі - олардың дәстүрлі ислам дінінің бұрмаланған діни радикалды түріндегі топтардың құрамына еніп, бұрыс лаңкесттік топтардың құрбаны ретінде әр түрлі деңгейдегі құқықбұзушылық іс-әрекеттерге баруы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының негізінде кез келген азамат қай дінге жататытын өзі анықтауға және оны көрсетуге және көрсетпеуге хақысы бар. Ал, Конституцияның 39-бабына сайкес, адамның және азаматтың құқықтары мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана немесе тек заңмен шектелуі мүмкіндігі аталған [1].

Осы кезекте ҚР аумағында діни қызмет саласын реттеу мақсатында ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданған. Заңның 8-бабы бойынша діни экстремистік тұрғыда анықталған ұйымның немесе бірлестіктердің қызмет етуіне мемлекет аумағында сот тәртібімен тыйым салынады [2].

Сонымен қатар, ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының 1-бабының 6-тармағында кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеуге қойылатын талаптар шеңберінде оның рухани және әлеуметтік ортаның теріс әсерінен қорғауға бағытталған мінез-құлық қағидалары мен нормаларын дарыту бойынша ата-анасы немесе заңды өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жұмыскерлері тарапынан әсер етудің үздіксіз процесі екендігі көрсетілген [3].

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Дін қазақстандықтардың өмірінде өте маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары белсенді түрде дін ұстанатын азаматтардың саны артып келеді. Діни экстремистік іс-әрекеттер кәмелетке толмағандардың жарқын болағашына, мемлекеттің конституциялық жүйесіне, елдегі қоғамдық-әлеуметтік саяси жағдайды тұрақсыздандыратын негізгі қауіпке ықтимал факторлардың бірі.

ҚР мемлекеттінің билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және азаматтық қоғам институттарының тарапынан діни экстремистік проблемасымен жалпы күрес жүргізілуде. Әлемде діни экстремизм қоғам өмірінің әр саласына кең таралып, әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде өзінің кері әсерін тигізуде.

2024 жылдың қаңтар айында ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысымен ҚР ҰҚК, Ішкі істер, ҚР Мәдениет және ақпарат және ҚР Білім министрліктеріне кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру туралы тапсырма берілген.

Осы тапсырма шеңберінде аталып кеткен органдармен «Кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы» әзірленіп, 2024 жылдың 26 ақпанында бекітілген (құжат қызмет бабында пайдалану үшін белгісімен).

Сонымен қатар, 2024 жылдың 2 қыркүйегінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстан, заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбында өткен жолдауында ұлттар ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдарының экстремистік, террористік және өзгеде қауіпті қатерлерге қарсы күресу жолындағы талпыныстарын құптаймыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғысы келетіндігі туралы жеткізді [4].

Бұдан әрі, діни экстремизм Қазақстанда енді абстрактілі қауіп ретінде емес, нақты әлеуметтік-идеологиялық феномен ретінде қарастырылады. 2003 жылы ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаев діни радикализмнің әлеуетті қаупіне баса назар аударды: «Діни экстремизм елімізде кең ауқымда манифестацияланбаған құбылыс болса да, конфессиялық дестабилизация процесі, егер уақтылы диагностикаланбаса, превентивті шаралар қабдылданбаса, біздің қоғам да институционалдық және әлеуметтік деңгейде көрініс табуы мүмкін деген обьективті қатер сақталады» деп атаған» [5].

Негізгі радикаланған діни экстремистік идеологияны ұстанушы ұйымдасқан қоғалыстардың жалпы мақсатты әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен берік идеологиялық көзқарастары қалыптаспаған кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың ой-пікірлеріне және санасына зақым келтіру арқылы улау болып табылады.

Елімізде сырттан келген діни экстремизмнің таралуының әсерінен қиындықтар бар. Бұндай жағдай халықтың ұлттық және діни сезімдерін бақылау арқылы байқауға болады. Отанымыз Орталық Азиядағы ең тұрақты мемлекеттер қатарында. Үкіметпен тұрақтылықты сақтауға және ішкі аймақтық мәселелерді шешуге бағытталған сыртқы саясаттарды жиі жүргізеді.

Д.Айтжанова өзінің ғылыми еңбегінде «ислам діні географиялық орталық Азияда орналасуына қарай әсерлі болып келеді. Діни радикализмнің таралуына орай «Ислам радикализмі» ұғымы күрделі әрі көпмағыналы қарастыруға болады. Ислам діні «радикализм» және «терроризм» сияқты ұғымдармен үйлеспейді. Өйткені ислам, басқа әлемдік діндер сияқты, адамгершілік, ізгілік және руханият қағидаларымен ұштасқан. Исламның негізгі ағымдары, ол модернизм, фундаментализм, дәстүршілдік, радикалды немесе экстремистік идеяларды қолдамайды деп атап өткен.

Бұдан әрі ғалым «Ислам радикализмі көбінесе идеология ретінде қарастырады. Мұндай радикализм түсінігі исламның шынайы мәнін көрсетпейді. Керісінше діннің бұрмаланған нұсқасын ұсынады. Осыған байланысты исламды әлемдік дін сенімді манипуляция құралы ретінде пайдаланады. Бұл көбіне мұсылман елдеріндегі сауатсыз қоғамға әсер етеді» [6]

Экстремистік қылмыстар қоғамға жат қылық ретінде қарауға болады. Олар әрқашан зорлық-зомбылықпен айқындалады. Зардабы ауыр, көбіне оны

шегушілер өмірінен айырылып жатады. Қазіргі радикалдық топ мүшелері цифрлық әлемді игеріп жатқандығы барлығына мәлім. Олар үнемі заман талаптарына сай әсер ету үшін жаңа платформалар жасайды. Сондықтанда бұл бағытта оларға қарсы іс-қимыл жүргізу жолдарыда үнемі жаңартылып отырады.

Сондай-ақ, соңғы үш он жылдықта ислам діні Азия және Африка жерлерінде кеңінен тарау арқылы ықпалы басыңқы кеңейтілген. Жалпы ислам дінін ұстанатын халықының басым бөлігін құрайтын елдерден бөлек, елді мекендері аз елдерде тараған. Ислам дінінің мұндай кеңеюі мәдени алмасу, көші-қон, миссионерлік және діни идеяларды әр түрлі жолдармен таратылып жатқанын жатқызуға болады. Дін ең қарқынды дамып келе жатқан діндердің біріне айналған. Әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексттерінде өз орнын нығайтқан. Елді мекендердің қоғамдық, саяси және мәдени даму үдерісіне әсерін тигізуде дейді [7].

Бұдан әрі, тәуелсіздік алғаннан кейін діни қауымдастықтардың ретсіз өзін-өзі ұйымдастыруы, діни ағымдардың бақылаусыз келуі мемлекеттің саяси ахуалына проблемалар тудырған. Жергілікті билікпен діни экстремизмнің дамуының алдын алуға, әсіресе кәмелетке толмағандар арасында әр түрлі жұмыстар ұйымдастырылып жүргізілуде.

Кәмелетке толмағандар арасында экстремизмнің алдын алудың ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері осы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Экстремизмнің профилактикасы діни сауатылықты арттыруға жастардың діни және зайырлы құндылықтарды дұрыс түсінуіне ықпал ететін білім беру бағдарламаларын енгізуге бағытталуы керек.

Мемлекеттік басқару органдары және діни ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, экстремистік идеологияларға қарсы алдын алуды ұйымдастырушылықты жетілдіру қажет. Бұндай іс-шаралар радикалды идеологияның таралуын жоюға және жасөспірімдер арасында толерантылық және зайырлылық қағидатын нығайтуға бағыт береді [8].

Зерттеуші ғалым Ш.М.Жандосованың пікірінше «Әр бір адам діни сенім бостандығына ие, оның негізгі құқықтарының бірі деп танылған. Дінің мағынасын дұрыс түсінбеу, теріс мақсатта іске асыру мемлекетке және тұлғаның жеке басына зиян келтіреді. Тұлғаның еркін ойлау қабілетін шектеп, рухани ерік-жігерін әлсіретуі мүмкін. Осындай деректерге жол бермеу үшін кәмелетке толмағандар арасында белсенді түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Діни сауаттылықты арттырып, радикалды идеяларға қарсы бет бұруына әкеледі.

Діни экстремистік саясатқа қарсы тұру тиімділігінің негізі нормативтік заң актілерінің берік және тұрақты түрде орындалуы мәнді. Діни өшпенділікті, алауыздықты қоздыруға, мемлекеттің қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуге бағытталған кез келген насихатты жою керек.

Бұл күресте тек заңды тұрғыда емес, қоғамдық сананы қалыптастыру сияқты әдістер өте маңызды. Кәмелетке толмағандарды дұрыс жолға бағыттау, олардың сыни ойлау қабілетін дамыту, теріс идеологияларға қарсы иммунитет

қалыптастыру арқылы қаупті жағдайлардан аман алып қалуға болады. Заң жүзіндегі тәртіп пен білімдік ағартушылықтың үйлесімі дін-саяси экстремизмге қарсы күрес тиімділікті арттырады» [9].

Кез келген тұлғаның діни ілімді дұрыс білмеуі салдарынан, логикалық дәлелдерсіз қабылдауы экстремистік нысандарға айналуына негіз болады.

Діни экстремизм тарихтың өтпелі кезеңдерінде, одан бөлек замануи жаһандану процестері кезіндеде адамға әсер етуі көрініс табады. Экстремистік ағымдар дәстүрлі діни ілімдерге сүйеніп, олардың жалпылығын қабылдап, радикаланған күйде өз пайдасына қарай қайта түсіндіреді.

Зерттеушілердің көзқарастарында діни мағынадағы қасиетті мәтіндерді өз мақсаттарында пайдалану мақсатында біржақты түсіндіру, кез келген дінді экстремисттік ниеттер үшін пайдалануға мүмкіндік береді дейді [10].

2024 жылғы 2 қыркүйекте ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» тақырыбымен халыққа жолдауында «Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамға жеткізді.

Жаңа Қазақстандағы дамуында діни экстремистік іс-әрекеттер елдегі қоғамдық-әлеуметтік саяси жағдайды тұрақсыздандыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизм идеологиясының дамып, таралу түрлерін анықтау арқылы радикаланудың алдын алып, болашағынан айыратын экстремистік қозғалыстардың құрбаны болуына жол бермеу үшін дәстүрлі діни құндылықтарға, әлеуметтік-саяси, ұлттық мәдени бірегейлікке, мінез-құлық, мәдени және рухани құндылықтарға әртараптандыру арқылы оң нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тиісті іс-шараларды жүргізуді заң аясында шешуді қажет етеді.

Осы орайда шетел мемлекеттерінің аталған бағытта қандай іс-шараларына тоқтап өтсек, мысалы Ресей Федерациясындағы экстремистік қылмыстың өсуіне жол бермеу және осы саладағы қылмыстық жағдайды реттеу мақсатында кәмелетке толмағандар арасындағы профилактикалық жұмысты мектеп орнынан бастап тәрбиелік-профилактикалық шаралар жүргізу арқылы күшейткен. Яғни болашақ ұрпақты толерантты тәрбиелеу үшін берік негіз қалауға, болашақта олардың экстремистік әрекеттерге, оларды жасаған адамдарға тұрақты теріс көзқарасын қалыптастыруға және экстремистік-ұлтшыл идеяларға қарсы бағытқа қою үшін жүргізіледі [11].

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын-алуға алдымен мемлекеттің, қоғамның және әр отбасының жауапкершілігі шеңберінде назар аударуы маңызды болып табылады.

Қазіргі құқық ғылымының даму кезеңінде алдын-алу жұмыстың тиімділігін бағалауда кешенді және пәнаралық зерттеулердің маңызы күннен күнге артып келеді. Осы зерттеудің негізгі бағыттарының бірі құқық қорғау және мемлекеттік органдар жүргізіп жатқан діни экстремизмге қарсы алдын-алу іс-шаралардың терең талдауы, жүйелеуі және обьективті бағалануы болмақ.

Кәмелетке толмағандарға қатысты, діни экстремизмнің алдын алу саласы бойынша шетелдік терроризмге қарсы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ғылыми зерттеушілер А.Жандосова, Н.Айтжанова, М.Липсет, Дж.Ванеко, Ч.Либман, Л.Ианнаконе, Р.Прус, Д.Филипов, К.Шмит, В.Назаров, П.Суслов, И.Бражников, Э.Филимонов, В.Арестов, Э.Лисовцен, И.Колесникова, А.Коровников, Л.Гирон, Д.Моули, Д.Серен, В.Л.Данилов және Н.Рыжыкин экстремистік идеологияға ықпал ететін жағдайларға қарсы тұру, радикалдануға әкелетін әлеуметтік, психологиялық бейнелерге назар аудару, діни экстремистік идеологиялардың түбірі, радикалдануға қарсы күш-жігерді артыруға бағытталған талдау және қауіпсіздік мәселелеріне ауқымды ғылыми жұмыстар жүргізген.

Алайда жоғарыда аталған зерттеушілермен кәмелетке толмағандардың арасындағы діни экстремизмің алдын алу мәселесі бойынша зерттеу жүргізбеген. Осы негізде, діни экстремизм идеологиясына тарту түрлері үнемі дамып келе жатқанын ескеріп, жаңа зерттеулерді жүргізуді қажет етеді.

Зерттеу мақсаты, міндеттері, обьектісі мен тақырыбы:

Зерттеудің мақсаты - кәмелетке толмаған арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша себептерін, ерекшеліктерін анықтау, құқықтық ғылыми зерттеу, мазмұнын ашу, яғни белгілері, көрінісі, таралу жолдары, діни радикалды ортаға тартылу себептерін талдау (әлеуметтік, отбасылық ақпараттық), деструктивті діни ықпалға бейімделу жас ерекшелігін анықтау, радикалды идеологияның таралу жолдарын анықтау (әлеуметтік желілер, ғаламтор платформалары т.б), отандық және шетелдік тәжірибеге саралау жүргізу, жиналған талдаулар негізінде заңға өзгерістер енгізу жөніндегі жетілдіру, оның алдын алудағы ұйымдастырушылық-алдын алуға тетіктерін жақсартуға жадынама әзірлеу.

Зерттеу міндеттері;

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын-алудағы теориялық негіздерін, яғни негізгі ұғымдарын және ғылыми тұрғыдағы мазмұнын нақтылау арқылы пайда болу себептерін жүйелеу;

2. Радикалды идеологияға бейімделу тетіктерін зерттеп, діни сананың қалыптасуына әсер ететін жайттарды анықтау, нормативтік-құқығын зерттеп, баға беру, құқықтық реттеудегі мәселелерді анықтау;

3. Ғаламтордағы әлеуметтік желілерде таралып жатқан радикаланған діни идеялардың кәмелетке толмағанның мінез құлқына ықпалдығын бағалау, шетелдік тәжірибені талдап, мемлекеттік органдарды, білім беру мекемелерін жән отбасы қызметін бағалау, шетелдік озық практиканы саралау және негізделген ұсыныстар даярлау.

Зерттеу тақырыбы - кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алудағы ұйымдастырушылық құқықтық тетіктерін ретеу негіздерін, тәртібін реттейтін заң нормативтік актілері және шетел мемлекеттерінің тәжірибесі құрайды.

Зерттеу объектісі – мемлекеттік органдармен кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу барысында туындайтын қарым қатынас.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері жалпы ережеден жеке қорытындыға өту, (дедукция), идеяларды, ұғымдарды талдау, деректер жинау, сандық мәліметтерді өңдеу, ұқсас құбылыстарды салыстыру, бұрыңғы зерттеулерді талдау, ғаламтор желісінде ұсынылған ресми деректер мен зерттеу нәтижелері негізінде қалыптастырылған шетелдік және отандық заңнама дереккөздері, ғалымдардың материалдары сондай-ақ қаралатын мәселелер бойынша құқық қолдану практикасы зертеу. Жалпы ғылыми (талдау, синтез, аналогия), жеке ғылыми (статистикалық, әлеуметтанулық) және арнайы (салыстырмалы-құқықтық және формальды-құқықтық) таным әдістерінің жиынтығын құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, аталған тақырыптағы қызметі жетілдіру ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етеді. Экстремизмге қарсы іс-қимыл субъектілерінің ведомствоішілік және ведомствоаралық өзара іс-қимылының реттелген тетігі қажет.

Демек халқымыздың келешек ұрпақтың әрі қарай тұрақтылығын және дамуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру хақысында адамгершілік көз қарасты, салауатты мінез құлықты және адами тұрғыдағы құндылықтарға тәрбиелеуді орындау мемлекеттің бірінші кезектегі міндетті.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі:

- Кәмелетке толмаған, діни экстремизмнің, көріністің мәні және мағынасына авторлық анықтама әзірленді;
- Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизмнің пайда болуы мен таралуының алғышарттары талданды;
- Шетелдерде діни экстремизммен күресу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарындағы тәжірибесі зерттелді;
- Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылды жүзеге асырудың негізгі мәселелеріне кешенді талдау жүргізілді;
- Қазақстанда діни экстремизмнің алдын алуға бағыталған ұсыныстар әзірленді.

Дисертацияда кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру бойынша бірқатар өзгерістер мен толықтырулар, жаңа әдістер, қорытындылар мен ұсынымдар тұжырымдалған.

Қолданыстағы құқықтық реттеуде кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша субьектілердің ақпарат алмасу тәртібі, білім беру ұйымдарының міндеттері, ата-аналардың, теологтардың және психолог мамандарының жұмыстары жеткілікті санатта нақтыланбаған.

Қорғауға шығарылатын ережелер.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабына 17-тармағымен толықтыруға ұсынылады:

- «Кәмелетке толмағандарға деструктивті діни идеология қалыптастыруға, оның ішінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін немесе ұлттық және діни алауыздықты қоздыратын әрекеттерге бағытталған діни оқытулар және өзгеде іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ осы заңмен рұқсат етілген өзгеде діни іс-шараларды ата-анасының, заңды өкілдерінің келісімінсіз өткізуге жол берілмейді»;

Аталған ұсыныс кәмелетке толмағандарды негізсіз діни оқыту проблемаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабына 7-1 бөлігімен және 8 бөлігіне толықтырулар енгізуге ұсынылады:

1. 7-1-бөлігіне «Кәмелетке толмағандарға деструктивті діни идеология қалыптастыруға, оның ішінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін немесе ұлттық және діни алауыздықты қоздыратын әрекеттерге бағытталған діни оқытулар және өзгеде іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ осы заңмен рұқсат етілген өзгеде діни іс-шараларды ата-анасының, заңды өкілдерінің келісімінсіз өткізуі, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса».

2. 8-бөлгіне, баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші, 7-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -.

Бұл ұсыныстар кәмелетке толмағандарға діни білімді өз беттерінше беруді жөн көрген азаматтарды жауапкершілікке тарту қажетілігін нақтылайды.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремистік радикалдану белгілерін ерте анықтауға, діни идеологияға тартудың алдын алуға, жеке профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған «Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу» жайында жадынамасы әзірленіп, апробациядан өткізілді (қосымша 1).

Аталған жадынама кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған әрекеттерді жүргізуді ұйымдастыру барысында бір ізгілікті қамтамасыз етуге пайдаланатын материал болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу. Зерттеу нәтижелері Esil University қолданбалы ғылымдар факультетінің «Құқық» кафедрасының «Әкімшілік-рәсімдік процестік құқығы» пәні бойынша семинарлық және практикалық сабақтардың оқу процесіне енгізілді (қосымша 2). Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Үшінші басқармасының практикалық қызметіне жоғарыда аталаған жадынама түрінде енгізілді (қосымша 3).

Зерттеу аясында екі ғылыми мақала дайындалып, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жарияланды.

Зерттеу нәтижелері құқық қорғау, мемлекеттік атқару органдары және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының заң факультеттерінде оқу процесінде пайдалануға арналған.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жалпы пәндері кафедрасының отырысында талқыланып, мақұлданды. Зерттеу нәтижелерін педагогикалық практика және тағылымдама барысында енгізу актілері алынды.

1 Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алудың теориялық-құқықтық негіздері

1.1 Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм көріністерінің белгілері мен түсінігі

Бүгінгі күнде діни экстремизм қоғамдық қауіпсіздікке, мемлекеттің тұрақтылығына және азаматтардың құқықтарына елеулі қатер төндіретін құбылыстардың бірі.

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының 1 бөлімінің бір бөлігінде діни өшпенділікті немесе алауыздықты, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыру және (немесе) жасауы деп көрсетілген» [2].

Діни экстремизмге қарай бұрмалануларының негізгі белгілері өздерінің ұстанатын дінен басқа діни көзқарастарға төзбеушілік, үнемі теріс ағымды насихаттау, әлеуметтік оқшаулану және радикалды топтарға қызығушылық болып табылады. Мемлекетімізге қауіптердің бірі ретінде кәмелетке толмағандардың діни экстремистік радикалданған топтарға ену қаупінің мәселесі болуы. Діни экстремистік топтардың көріністерін әртүрде байқауға болады. Бірақ олардың жалпы сипаттары бір.

Қоғамдық және эксперттік деңгейде «діни экстремизм» термині жиі қолданылғанымен, ол терең теориялық өңделуі жеткіліксіз. Ғылыми жұмыстарда термин жекелген діни топтардың және өзгеде әр түрлі қоғалыстарды сипаттау үшін айтылады [12].

Діни экстремизм мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау және зерделеу барысында төменде келтірілген бірқатар маңызды мәліметтер бар. ҚР діни ахуалдың даму тенденциясын тойтару үшін қоғамның діни санасын тұрақты жандандыру қажет. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және Дін істері комитетімен бірлесіп жүргізген 2024 жылғы әлеуметтік-зерттеудің нәтижесінде пікір білдірушілердің 86,3% өздерін сенуші тұлға ретінде байқатқан [13].

Діни сенімділік күрделі, көп деңгейлі, бұл орайда ақпаратты қабылдау, мінез-құлықтық және бір ізгілік болуымен сипатталады. Мысалы, 2021 жылы «Ranking» жобасымен жүргізілген жалпыұлттық мониторингтік зерттеудің деректерінде ҚР азаматтарының 67,4% өздерін сенушілер қатарына жатқызғатындықтары туралы мәлімдеген. Сұралғандардың 26,9% ғана өздерін тұрақты түрде амал ететін сенушілер ретінде танытқан.

2021 жылғы халық санағының қорытындылары бойынша Қазақстан халқының 69,3% өздерін ислам дінімен, ал 17,2% христиан дінімен байланысты екендіктері анықталған.

Мәлімет үшін анықтама: мемлекетімізде 130-дан астам этностың өкілдері тұрады. Мемлекеттік тіркеуден 18 конфессияға жататын 3980 діни бірлестік өткен. Құрылымына ислам бағытындағылары 2832, православие 347, рим католик 93, протестантық бағытында 593, оның ішінде бесіншіліктер 223, баптистер 196, пресвитериандықтар 104, жетінші күн адвентистері 41, лютерандар 14, методистер 11, меннониттер 4, иегова куәгерлері 61, жаңа апостолдық шіркеу 23, кришна санасы қоғамы 13, иудей қауымдары 7, бахаи қауымдары 6, будда ұйымдары 2 және соңғы күн әулиелерінің Иисус Христос шіркеуі (мормондар) 2, мун бірлестігі (муниттер) 1.

Қазақстанның конфенссиялық картасы жоғары әралуандылықпен ерекшеленеді. Басты үлесті ислам және христиандық діни ұйымдар құрайды.

Қазіргі таңда еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени кеңістігінде әлі күнге дейін отанымызға тән дәстүрлі діндер мен сол діндерге тән ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-адамгершілік құндылықтар тұрақты әрі теңгерімдік рөл атқарып келеді. 2011 жылы ҚР діни бірлестіктер мен миссионерлік қызметтін реттейтін Заң қабылданғанымен, мемлекет аумағында ресми тіркеуден өткен діни ұйымдардың саны өсім үрдісінде. Бұл белсенді өсімдерді ислам бағатындағы қауымдар, орыс православие шіркеуі, рим католик шіркеуі, баптистік және бесінші күншілдік (пятидесятник) бағыттағы протестантық көрсетіп отыр. Сондай-ақ буддизм, иудаизм, бахаи және саны жағынан аз басқада конфессиялар саны өзгерісіз [14].

Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бергі кезеңде мешіттердің саны небәрі 46 ғана болған. Ал қазір 2832 дейін, христиандық (православиелік, католиктік, протестантық) діни бірлестіктердің жалпы саны 561-ден 1119-ға дейін өскен. Нәтижесінде Қазақстанда тіркелген діни ұйымдардың саны 3088-ден 3980-ге дейін, яғни 30% артқан. Сандық көрсеткіштен халық арасында діни сана-сезімнің рухани ізденістің және дәстүрлі құндылықтарға деген қызығушылығы артқан. Екінші жағынан ресми тіркеліп, заң тәртібінде қызмет ететін институттардың саны мен әлеуметтік рөлінің едәуір әлқуаттанғанын көрсетеді [15].

Қазақстан қоғамының мемлекет жүргізіп отырған конфессияаралық келісім мен өзара ынтымақтастық саясатын қолдайтыны әртүрлі социологиялық сауалнамалардың нәтижелерін анық байқалады. Мысалы, 2021 жылғы «Internews» халықаралық ұйымымен «Орталық Азиядағы радикалдану мен жалған ақпаратқа төзімділікті күшейту» жобасы аясында жүргізген ауқымды зерттеуінде респонденттердің басым көпшілігі әртүрлі дін өкілдерінің бір-біріне құрметпен қарау қағидатын толық қолдайтыны анықталған. Сауалнама жүргізу аясында 80% кез келген дінді және оның қасиетті құндылықтарын қорлауды мүлдем қабылдамайды.

Мұндай әрекеттерді жасаған адамдар заң алдында қатаң жауапкершілікке тартылуы тиіс деп есептейді. Халықтың діни төзімділік пен өзара сыйластық принциптерін берік ұстанады. Мемлекеттің осы бағыттағы бастамаларын белсенді қолдайтынын тағы бір мәрте айғақтайды [16].

Еліміздің этникалық құрамында азиаттық ұлттардың басым бөлігі болғандықтан көпшілігі тарихи қалыптасқан дәстүр бойынша ислам дінін ұстанады. Осыған байланысты экстремистік-террористік сипаттағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың басым бөлігі ислам дінін діни экстремизм мақсатында бұрмаланған радикалды исламистік топ мүшелеріне тиесілі, құрбандарыныңда көпшілігі мұсылмандар. Осы себептен дисертациялық жұмыста барлық діндерді бірдей қарамастан ислам дінін радикалдық түріне бұрмаланған ұстанушылары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан әлемдік қауымдастықтардың ажырамас бөлігі ретінде терроризм, экстремизм және ұлттық-діни негіздегі қақтығыстар сияқты жаһандық қатерлерден тыс қала алмайды. Соңғы жылдары деструктивті және қауіпті діни ағымдар белсенді түрде жылжып келеді.

Қазақстанның діни саясатының негізгі қағидатты - экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің ең тиімді жолы діндер арасындағы диалог пен келісімді нығайту. Өңірдің тәуелсіздік жылдарында өзінің бірегей конфессияаралық татулық моделін қалыптастырды. Ешбір модел мінсіз емес, ол заман ағымына қарай үнемі жетілдіруді және жаңа сын-қатерлерге бейімделуді талап етеді. Тарихи-саяси жағдайда кез келген өкілдерінің құқығын тең әрі әділ қорғаудың жалғыз сенімді кепілі, зайырлы мемлекет принципі болып қала береді.

Тек зайырлық қана шынайы бейтараптылықты қамтамасыз етеді. Мемлекеттің діни қайраткерлермен, де, қарапайым сенушілерімен де қарым-қатынасын тек құқық пен заң негізінде құруға мүмкіндік береді. Қоғамдағы қауіпсіздіктің лайықты деңгейін, келісім мен тұрақтылықты сақтаудың басты шарты, ҚР қоғамының зайырлы сипатын және діни қатынастарды құқықтық реттеуді мықтап сақтау танылады [17].

Радикалды және экстремистік ислам діни ағымдары тоталитарлық сипаттағы идеологияға сүйенеді. Ол зайырлы қағидаларды қабылдамайды. Өзге діндерді мойындамайды және өз мақсаттарына жету үшін жиі күш қолдану әдістеріне жүгінеді.

Бұл ағымдар жалпыға ортақ сауаттылықты, гендерлік теңдікті және ар-ождан бостандығын жоққа шығарады. Өздерінің сенімдерін «шынайы» ислам діні ретінде жариялайды. Мұндай риторика мұсылман елдерінде де, Батыс елдерінде де тұратын мүмкіндік береді. Негізгі дәстүрлі ислам діні, діни экстремистікпен ұштасқан әрекетті дінді қолдамайды. Ислам діні өзінің мәні бойынша көне бір ізгілік және әділеттілік салтын уағыздайтын дін болып табылады. Дәстүрлі исламның негізгі қағидалары; мұсылмандар арасындағы бауырластық, әлеуметтік әділетілік, адалды, абыройлы өмір сүру және әлеуметтік теңсіздікке жол бермеуге ұмтылу.

Дәстүрлі ислам дінінен шыққан радикалды ағымдар дінді өз мақсаттарына жету үшін құрал ретінде пайдаланады. Бұл исламның беделіне моральдық, саяси зиян келтіреді және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Кез келген

идеология, соның ішінде діни идеология, бастапқыда гуманистік құндылықтарға бағытталған, экстремизм элементтерін қамтымайды.

Алайда саяси және әлеуметтік-экономикалық деректердің әсерінен оның жекелеген тармақтары радикалды құрылымдарға айналуы мүмкін. Экстремизмнің түп-тамырын зерттеу діннің тарихи дамуын және белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың ерекшеліктерін талдауды талап етеді [18].

«Экстремизм» ұғымы латын тіліндегі «extremus» сөзінен шыққан, ол «шекті» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым өте ұзақ тарихқа ие және оның тамыры XVI-XVII ғасырлардағы протестанттар мен католиктер арасындағы діни қақтығыстар мен соғыстарда соңын табады. Сол кезеңде қарама-қарсы діни топтарының әрқайсысы бір-бірін экстремист деп айыптаған.

Алғашқыда «дін» термин негізінен әртүрлі діни ұйымдармен мен ағымдар арасындағы қарым-қатынаста пайдаланылды. Соңынан замануи әлемдік қоғамдастықта секуляризация кезінде күшейгенде «діни» сөзі қосылды. Осы күнге дейін мұндай дәлелдеу қажетілігі болмаған. Себебі өздігінен түсінікті деп есептелген. Уақыт өте келе экстремизм бірыңғай мағынаға ие бола бастады. Діни саласы ретінде ерекше құбылыста басқа экстремистік көріністерден айтарлықтай ерекшеленетін құбылыс ретінде қарастырылады.

Ғылыми әдебиетте алғашқылардың бірі болып атақты шетелдік социолог М.Липсет, діни экстремизм тақырыбын зерттеген. Өз жұмыстарында «діннен тыс экстремизмнің түрлерін талдап, оған коммунизм мен фашизм ұқсастырған. Еңбектерінде «діни экстремизм» ұғымы қолданылады, әртүрлі діни секталарға қатысты жазған.

Зерттеуші М.Липсеттің пікірінше «діни экстремизмнің негізгі рөлі –саяси экстремизмнің орнына ұсынылатын ауыстырмалы түрде қызмет етіледі. Экстремистік қозғалыстардың пайда болуына негізгі деректердің болуына халықтың білім деңгейін төмендігін атап айтқан. Қоғамның қаржылық жетіспеушілігінің, әлеуметтік деңгейімен байланысты (төменгі көрсеткіш) болуымен әсер ететіндігі» деп өз ғылыми жұмысында жазған.

Сонымен қатар, экстремистік сипатқа тек радикалды топтар ғана емес, ірі, ықпалды ұйымдар және саяси партияларда болуы мүмкін деген» [19].

М.Липсеттен бөлек, зерттеу жүргізген ғалым Дж.Ванеко «діни экстремизм ұғымының мазмұнын ашуға зерттеу жүргізіп, діни экстремизм адамның діни мінез-құлқының бір түрі» ретінде танылады деп мәлімдеген. Экстремизмде екі негізгі аспект маңызды рөл атқарады. Бірінші дінге жақын адамның сенім ілімінің ережелерін қаншалықты терең ажырата алатыны, ал екіншісі басқа діни көзқарастарды қаншалықты қабылдамауы» [20].

1970 жылдың соңында Америка және Еуропаның қоғамдық өмірінде «діни экстремизм» ұғымы секталарға және өзгеде культік ұйымдарға қатысты қолданылды. Сондай-ақ «экстремистік культ» және «экстремистік секта» терминдер енгізіліп, атаулар бүгінде қолданылады. Теориялық тұрғыда толық зерттелмеген «діни экстремизм» термині кеңестік дәуірінде қолданылған [21].

Зертеуші ғалым Ч.Либман пайымдауынша «экстремизмнің негізгі белгілерін айқындап, қоғамның барлық саласына ықпалын білдіру үшін таратуға ұмтылды. Діни қағидаларын егжей-тегжейлі әрі қатаң тексеруге бағдарланды. Діни экстремизмді ұстанушыларды әлеуметтік, өзге дәстүрлерге және мәдени өмірлеріне төзімсіздікпен қарайтындықтарды жатқызды.

Зерттеушінің пікірінше «қоғамның барлық әлеуметтік институттарын бірге сабақтастырып, дін негіздерін үйлестіру кезінде діни экстремизмнің жоқтығына назар аударады. Экстремизм қоғамның секуляризациялану процесіне және діни топтардың маргиналдануына қарсы қорғаныс реакциясы ретінде пайда болады. Мемлекет және қоғам діни ағымдарды қаншалықты елемесе, соғұрлым олар діни экстремизмді көрсетеді деді» [22].

Діни экстремизм бір немесе басқа дәрежеде фундаментализммен байланыстырылды. Яғни ескі тәртіптерді сақтайтын діни ағымдардың жинақталған ұғымы. Діни түпнұсқасын өзгертусіз сақтаудың негізгі міндеті қоғамдағы үстемдік ететін діни құрылымдарға оралу танылады. АҚШ-та түпнұсқаға және жақын құбылыстар зерттелген. Онда діни экстремизм елеулі ұғым ретінде бөлінбеген, ал діни фундаментализм оның бір түрі ғана деп қарастырылған [23].

Талданатын зерттеулерде діни экстремизмнің құрамдас элементтері нақтыланбаған. Бейтарап зерттеушіге оны діни фундаментализмге қатысты түрлі ұғым ретінде өз бетінше тұжырымдау мүмкіндігін береді.

Кейбір ғалымдар терминнің негізділігіне күмәнданады. Атап айтқанда Л.Ианнаконе олардың қарсылас диеологиялық топтар арасындағы саяси пікірталастарда кеңінен қолданылатынын атап өткен. Терминологияның күмән тудыруына және ғылыми заңдылығына қатысты сұрақ туғызатынын баса көрсетеді. Дегенмен, діни экстремистер басқаша сенімдерді немесе зайырлы қағидаларды зорлық-зомбылықпен басып тастауды дұрыс деп есептейді. АҚШ-тың социологы Р.Прус пайымдауынша «діни экстремизмді белгілі бір сенім жүйесіне берілген идеологиялық құмарлық ретінде сипаттайды. Мақсатты әрекеттер бағдарламасымен бірге жүреді» [24].

Шетелдік ғалымдардың ой-пікірлерін зерделей келе, діни экстремизм ұйымдасқан, топтық, және жеке түрде көрініс береді. Ұйымдасқан түрі топтық және секталарда байқалады. Экстремистік әрекеттер қызметінің негізгі басым бағытына айналады. Ал жеке түрі формальді діни қауымдастықтарға кірмейтін, фанатикалық діндарлыққа бой алдырған жеке адамдар арасында кездеседі.

Екі түріде ортақ белгі ол радикалды сипаттағы діни ілімнің болуы, оны басқаларға кез келген әр түрлендірілген тәсілмен танытуға деген ұмтылыс. Ғылыми тұрғыда діни экстремизм айналымға ену тарихы буынға бөлінген және жүйесіз сипатқа ие. Көбіне діни экстремистер белгілі бір діни ұйымдарға, секталарға тиесілігі арқылы танылады.

Сонымен қатар діни экстремизмнің қандай анықтамасы негізге алынғанына қарамастан, жатқызылмайтын белгілі бір топтар және культтер әрдайым болады. Діни экстремистік тұрғыда радикалды ұйымдасқан топ құрамында

болмай, жеке ерекше тәнті тұлғада болуы ықтимал.

Мұндай азаматтар әдетте ешқандай діни қауымдастықтарға кірмейді. Олардың радикалды және экстремисттік бағыты дәстүрлі дінни ілімдер шеңберінен тыс қалыптасқан. Өзге дінге нысандарына кең таралуымен түсіндіріледі. Өзбетінше жалғыз әрекет ететін діни экстремистер де кездеседі.

Мұндай құбылыстарға ортақ белгіге қандайда да бір дін сипатқа ие. Бөтеннен алынған, өзімен жасалған ілімнің болуы немесе сол ілімді айналасындағыларға кез келген жолмен мойындатуға шабытанады. Көбіне осындай тұлғалардың өз теорияларынан іс жүзінде жүзеге асыруға қажетті күш, мүмкіндігі, қоры, қаржысы табыс көзі және табиғи жаратылымының күш жігері жетпейді.

Діни экстремизм қоғамда бірде-бір экстремистік ұйым ресми түрде әрекет етпей тұрған жағдайда да орын алуы мүмкін. Себебі мұндай құбылыстың мемлекеттік деңгейде мойындалмауы оның шын мәнінде жоқ екенін білдірмейді. Мемлекет аумағында діни экстремизмнің пайда болуы мен дамуы көбіне көзге байқалмай, жасырын түрде өтуі мүмкін.

Діни экстремизмнің субьектілері ретінде ұйымдарда, жекелеген тұлғаларда қарастырылғанымен, әрқайсысын экстремистік деп тануға болады. Экстремистік діни ұйымдарға экстремистік қызмет басым сипат алған құрылымдарды ғана жатқызуға болады.

Осылайша, діни ұйымдардың қызметін әдетте екі негізгі плюралистік және индивидуалистік модель ретінде негізделеді. Плюралистке ақиқат кез келген діннің және діни ағымның ішінде әртүрлі нысандарда көрініс табады. Ал индивидуалистікке белгілі бір ұйымның шеңберінде бір ғана ақиқат бар деген ұстанымға берік жүреді [25].

ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 1-бабында (негізгі ұғымдар) отбасылық құқықтық қатынастарда қолданылатын негізгі терминдердің мазмұны ашылған. Аталып кеткен баптың 8-тармақшасына сәйкес «бала (балалар)» ұғымы он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам ретінде жазылған. Ал 11-тармақта «балалық шақ» деп кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі деп танылады.

Осы нормативтік құжаттарға сәйкес бала категориясына тек 18 жасқа толмаған тұлғалар жатады. Осымен жасөспірімнің ерекше құқықтық мәртебесін бекітіп, мүделерін басым қорғауды қамтамасыз етеді. Отбасылық, психологиялық және құқықтық қорғалуына қамтамасыз етуге бағытталған [26].

Бұдан бөлек ҚР Азаматтық кодесінің (жалпы бөлімі) азаматтың мәртебесін айқындауға маңызды ретінде танылады. Кодекстің 17-бабында азаматтық әрекет қабілеттіліктің пайда болу шарттары мен көлемі нақты белгіленген. Баптың 1-тармағында азаматтық әрекет қабілетілігі азаматтың өз әрекеттері арқылы құқықтарға иелену, жүзеге асыру, өзіне міндеттерді жүктеу және оларды орындау қабілетті тек кәмелеттік жасқа толғаннан (он сегіз) бастап, толық көлемінде орындайды [27].

Бүгінгі күні ҚР Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандардың

қылмыстық-құқықтық мәртебесін айқындауға маңызды рөл атқарады. Кодекстің 6 бөлімінде «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктері» топтастырылған.

Кодекстің 80-бабының 1-тармағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сәтте жасы 14 толған, бірақ он сегізге толмаған тұлға кәмелетке толмағандар деп танылады. Осылайша жауаптылықтың төменгі шекті 14 жас деп белгілеп, 14 жасқа толмаған балаларды қылмыстық жауапкершіліктен толық босатылады.

Бұл қылмыстық құқықтық саласында 14 жастан 18 жасқа дейінгі адамдары кәмелетке толмағандар деп тану арқылы тәртіптік жауаптылығын белгілейді. Заңда 18 жасқа толмаған тұлғаларды кәмелетке толмағандар санатына жатқызады. Әрекет қабілеттілігін шектеулі деп таниды. Шектеу кәмелетке толмағандардың азаматтық айналымға қатысуын заңды өкілдердің (ата-ана, қамқоршы, қорғаушы) қатысуымен және заңда көзделген ерекше жағдайларда жүзеге асыруды қажет етеді. Бұл амал біріншіден олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Екінші жағынан жас ерекшелігіне байланысты толық жауапкершілікті өз бетінше көтере алмауын ескереді.

Бұл шешім бірқатар басты принципке негізделеді. Кәмелетке толмағандардың психикалық, әлеуметтік дамуының толық аяқталмауы, мінез-құлқына сыртқы деректердің (ата-ана, құрдастар, орта) күшті ықпалы, қатаң жазалаудың орнына тәрбиелеу және түзеудің басымдығы. Осыған байланысты 80-баптың 2-тармағы кәмелетке толмағандарға қатысты жаза тағайындаудың қатарына тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін де қарастырады. Осы баптың 2-тармағында жаза тағайындаумен қатар, тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі де көзделген [28].

Ғалымдар Л.Назаровпен П.Суслоновтардың пайымдауынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің көріністері - олардың мінез құлқы, қарым-қатынастағы іс-әрекетінде діни қауіпсіздік ұстанымдарының бұрмалануы арқылы сырттай байқалады.

Аталған құбылыстың негізгі белгілеріне мыналарды жатқызуға болады; шектен тыс діни фанатизм, өзгерістерді қабылдамау, өз діни ұстанымдарын түзетуден бас тарту, діни көзқарастарды басқа адамдарға зорлықпен танытуға бейімділік, қоғамнан әлеуметтік оқшаулану, дәстүрлі отбасылық, мәдени және қоғамдық құндылықтарға қарсы бағыталған мінез құлықты жатқызуға болады.

Бұл дегеніміз осындай көріністер олардың психикасының әлі толық қалыптаспағандығын, сыртқы идеологиялық ықпалға жоғары осалдығын ескеріп, діни экстремизмнің ерте сатысында анықтау және алдын алу маңызды индикаторлар болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын зерттеу, жаза тағайындау, түзеу процесі кезінде ескерілетін негізгі құқықтық базаны құрайды. Басқа дінді ұстанатын азаматтарды қарсы тұруға, қарсылықтарын білдіру немесе сездіру мақсатында әр түрлі физикалық моралдық күш қолдану, қарулы қарсылық, террористік әрекеттерді қолдау немесе оларды «әділетті» деп санайтын пікірлер тарату, ол ашық немесе жасырын шақыру түрлерінде болады.

Діни экстремизм бүгінде ұйымшыл, мобильді және көпсалалы, іс-әрекеттерінің формалары мен әдістері үнемі жетілдірілуде және адамдарды талғамай кез келгеннің санасын улауды психологиялық әдістерді үйлестіре отырып жүргізуде» [29].

Македония мемлекетінің саясат танушы ғалымы Аристотель айтпақшы «Адамның санасы ақ тақта секілді, нені жазсаң соны көресің» – деген нақыл сөзі бар.

Не себептен кәмелетке толмағандардың көбі радикалдық идеологияның құрбаны болып табылатыны толығырақ қарастырғанда, яғни адам өзін-өзі іздеу, идентификация, мағына іздеудегі өтпелі кезеңінен өтеді. Діни вакуум немесе рухани ізденіс кезінде радикалды топтар ізденушілерге ыңғайлы және жағымды көңілдерінен шығатын жауаптар ұсынады. Отбасында тұрмыстық қиындықтар, достар арасындағы қысым, болашаққа сенбеу, әлеуметтік-экономикалық қиындық жағдайларға, әділетсіздікке, жалғыздыққа, адамдармен қарым-қатынасы қиын, теңсіздік сезімге тап болған, табиғи болмысынан қызығушылық танытқан, криминалдық ортада жүруі көбіне радикаланған топтардың мүшелерінің қатарына енуіне әкеледі.

Мысалы, қоғам арасында үрей тудыратын өте қатыгез содырлық актілерімен, жарылғыш заттарды пайдалану арқылы адамдарды өлтірумен ұштасқан лаңкесттік әрекеттерге бейімделген әлем бойынша 500 жуық әр түрлі деңгейдегі діни экстремистік тұрғыдағы топтар тіркелген. Олардың ішіндегі 21 тобы («Аль-Каида», «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс», «Братья-мусульмане», «Лашкар-е-Тайба», «Хизб-ут - Тахрир», «Джунд-аль-Халифат», «Таблиги джамагат», «Ат-такфир уаль-хиджра», «Ислам мемлекеті», «Йакын Инкар» (ДАИШ), «Ан-Нусра фронты» және т.б.) ҚР аумағында анықталып, барлығы сот органымен экстремистік деп танылған тізімге енгізіліп, тыйым салынған. Экстремистік деп танылған ұйымдарының мүшелері кәмелетке толмағандарды өз қатарына алдап тартуы олардың радикалдануының жаһандық үдерісіне жатқызуға болады [30, 31].

Қазіргі діни үдерістердің басым бөлігі көзге көрінбегенімен, әлеуметтік желілерде діни тақырыпты қозғайтын парақшалар мен топтарды көруге болады. Ғаламторда радикалдық идеологияның таралуына жүйелі мониторинг және алдын алу іс-шараларын жүргізу маңызды шараға айналған.

Осындай экстремистік ұйымдасқан топтардың мүшелерімен бүкіл әлем бойынша кәмелетке толмағандарды өздерінің ізбасарлары ретінде тарту үшін ғаламтор желісіндегі кеңістікте (Tik-tok, Instagram, Facebook, YouTube, В Контакте, Однакласники, Рамблер, Twitter Mail.ru, Яндекс, Рамблер, Дзен т.б.) әр түрлі қызығушылық тудыратын экстремистік-террористік мазмұндағы үгіт-насихат материалдарын кеңінен тарату тәсілдерін белсенді пайдаланады.

Ғаламтор желісіне белгілі бір аудиторияға қатысты әлеуметтік медиа платформасында жүктелген экстремистік топтар туралы материалдардың (электрондық пошта, чат бөлмелері, онлайн қауымдастықтар, форумдар, бейнелер және қолданбалар әсіресе танымал жалдау құралдары) барлығы

әлемдік деңгейде кеңінен пайдалатын тілдерде жүктелген, оның ішінде қазақ тілінде де бар.

Лаңкестер көздеген нақты мақсаттарға жетуге ғаламтор пайдаланушыларымен жиі байланысқа түсіп, мінез-құлқыларын бақылауға алып, бейімделуге бейім, бой алдыртқандарды өздеріне тартады.

Мысалы, Маңғыстау облысының құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу аясында Қызылтөбе ауылының тұрғыны, деструктивті діни ағым ұстанушысы «Жалғас Абу-Мухаммад» бүркеншік атпен ғаламтор желісіндегі «ВКонтакте» парақшасына тіркеліп, деструктивті маңыздағы аудио және бейне материалдарын жүктеген.

Нәтижесінде аталған тұлға ҚР қылмыстық кодексінің 174-бабының 1-бөлігімен (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру) 2 жылға бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Кәмелетке толмағандарды лаңкестер мысалы қарулы соқтығыстарда, террористік актілерді жасаушылар, көмекші функцияларды орындаушы, курьер, жүргізуші, контрабандалық істерде немесе кепілге алынғандарды өлім жазасын орындатуға, жанкештілер ретінде қолданылады. Өзге жағдайларда оларды құлдық және жүйелі түрде жыныстық зорлық-зомбылық қатынастарда пайдаланады [32].

Кәмелетке толмағандар радикалды идеологтардың дәрістерін тыңдап, оған еліктеп енуі келесі төмендегі белгілерден байқалады; кенеттен дінге құштарлық (дәстүрлі ханафи мәзһабынан бас тарту, әр түрлі дінмен байланысқан теріс ой-пікірлер), отбасы мүшелеріне, достарына мұғалімдерге қатыгезді, менмендік, киім киюінде күрт өзгеріс, қатаң радикалдық стильде ұстануы, қыз балалар толық жабыну, ерлерде белгілі бір атрибуттар, үйде немесе смарттық телефонында діни экстремистік радикалдардарының символикалары, экстремистік маңыздағы әр түрлі дәлелсіз хикаяға толы әдебиеттерді оқу. Өзгеде діни экстремистік тұрғыдағы бейне және аудио материалдарға қызығушылық таныту, достарының күрт өзгеруі, мектептегі тәртіптің нашарлауы, оқудан бас тартуы.

Осындай экстремистік көз қараспен өмір салтымен сүретіндердің қалыптасқан жүйесінің ұйымдастыруымен 2016 жылы Ақтөбе қаласының тұрғыны «С» (шетелдің діни экстремистік бағыттындағы уағызшыларының радикалдық идеологиясын ұстанған), сыбайластары «К», «Б», және кәмелеттік жасқа толмаған «Е» және «Н» жиналған. Өз ара келісу арқылы Ресей Федерациясының аумағындағы адамдар көп жиналатын яғни кез келген ойын-сауық және ірі сауда саттық орталықтарында қаруланған террористік іс-әрекеттерді орындауды жоспарлаған.

Алайда аталған дерек дер кезінде құқық қорғау органдарымен анықталып, сот органымен «С», «Е», «Н», «Қ» ҚР ҚК 257-бабының 1,2 бөлімдерімен (террористік топ құру, оған басшылық ету, оған қатысу) және 256-бабының 2-бөлімімен (терроризмді насихаттау, терроризмді актісін жасауға жария түрде

шақыру) қылмыстық жауапкершілікке тартылып, әр қайсысына 6 мен 9 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру түріндегі сот үкімі шығарылды [33].

Бүгінгі күнде ғаламтор желісінің жүйелері прогресифті түрде алға жылжу трансформациялық (жаңа бағытқа өзгерту) толқыны экстремистік және террористік ұйымдарының діни экстремистік идеологияны терең әсер ету үшін онлайн таратуға бағыталған ақпараттық қызметінің негізгі алаңына айналып, мемлекеттердің географиялық орналасқанына қарамастан ауқымды аудиторияны қамту мүмкіндігіне ие.

Экстремистік ұйымдарының мүшелері ғаламтор желісіндегі парақшаларына жүктеген экстремистік материалдарына қызығушылық білдірген және басқада өз беттерінше ислам діні жайындағы материалдарды жүктеген азаматтардың табиғи болмысына қарай әр қайсысына жеке тәсілді қолдану арқылы құлық айлакетерімен олардың сеніміне кіріп, мейірімділік танытқандай өздеріне баулап, әлеуметтік желілерді зорлық-зомбылықты насихаттауға, радикалды идеяларды таратуға стратегиялық құралы ретінде қолданады.

Кәмелетке толмағандарды өздеріне тарту құрылымдары үш ұяшыққа бөлінген. Бірінші топ «Іздеушілер», екінші топ «адамдарды тартушы» және үшінші топ «кураторлар», әр құрылған ұяшық өкілдерінің өз рөлдері бар.

«Іздеушілердің» міндетіне - қатарына енгізуге үміткер жайында барлық қажетті ақпараттарды жинайды (фотосуреттер, аудио бейне жазбалар, т.б.). Жиналған мәліметтерге талдау арқылы өңдеу жүргізеді. Бұл жинақталған барлық ақпарат бойынша үміткерге қандай әсер ету болатындығына мүмкіндік береді.

Таңдалған үміткерлердің алдыңғы кезеңдерде Сирия-түрік шекарасына көшуге және «жиһад» жасауға келісім беру мүмкіндіктерін тексереді. Олар туралы шешім қабылдаған соң адамдарды тартушы барлық жағымды және жағымсыз жақтарын кәсібилігін, саяси және діни сенімдерін зерттейді. Сондай-ақ айыптайтын материалдар ізденеді.

Адамдарды тартушы топпен ымырласуға көзделген кәмелетке толмағанға қатысты психологиялық портретін, ішкі және сыртқы жан дүниесін бағалап, барлық ақпараттарды мұқият зерттеп болған соң, оны ынтымақтастыққа тартуға болатын тараптарын қарастырыды.

Мұндай уақыттарда үміткердің қызығушылық танытқан мотивтер арқылы адамға әсер ету, яғни идеялық-саяси, материалдық-тұрмыстық және моральдық-психологиялық проблемалары қолданылады. Үміткерлермен сөйлесу уақытысында қыздарға зәулім сарайларда тұратын, сымбатты және байқуатты жігітпен тұрмыс құруға, ал жігіттерге әскер қатарына қосылып, көп ақша табуға болатындығы жайында айтады.

Әрі қарай куратормен келісімдерін берген үміткерлерді мемлекет аумағынан шығуға немесе діни экстремисттік идяологияны насихаттауға көмектеседі [34].

Бүгінгі күнде тек ғаламтор желісінде ғана радикалды көзқарастағы материалдарды жүктеуден бөлек, күнделікті тұрмыстада кәмелетке

толмағандарға ешқандай телеогиялық немесе дін танушы ретінде арнайы маманы болмаса да білімсіз белгілі бір қаражатқа діни уағыздарды өткізіп жүргендерде бар.

Атап айтқанда 2023 жылы Түркістан облысы құқық қорғау органдарымен белгілі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету аумақтарында жұмыстарын жүргізу кезінде осы елді мекеннің тұрғыны өзінің мекенжайында 68 кәмелетке толмаған балаларға діни маңыздағы уағыздарды насихаттап жүргені анықталған. Олардың жастары 5 пен 17 аралығында болған (Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Абай облыстарының және Өзбекстан Республикасынан келгендер). Ол азамат әр баладан негізсіз білім бергені үшін 100 000 теңге ақшалай соммадағы қаражатты алып отырған, үйін қарау уақытысында 100 астам әр түрлі діни маңыздағы әдебиеттері тәркіленген.

Тексеру қорытындысымен аталған азамат ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодесінің 490 бабымен (Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңнаманы бұзу) әкімшлік хаттама толтырылып, жауапкершілікке тартылған. Жергілікті билік өкілдерімен Түркістан облысының тұрғындарын аталып кеткен дерекке мағыналас заң бұзушылыққа жол бермеуге шақырған [35].

Бұдан әрі, АҚШ-тың Терроризмге қарсы күрес орталығының әскери академиясының мамандарымен 2015 жылғы 1 қаңтармен 2016 жылғы 31 қаңтар аралығындағы экстремистік идеологиясын насихаттау маңызындағы радикаланған ислам мемлекеттерінің видео және фото материалдарына талдау жүргізу барысында 89 бала мен жасөспірім екендігі анықталған.

Кәмелетке толмағандардың жастарын талдау барысында алтауы 3 пен 7 жастар, 53 жасөспірімнің 8 жастан 13 жастар, қалған 30 жасөспірімнің 14 жастан 17 жасқа дейінгі аралығы мәлім болған. Өкінішке орай балалардың ешқайсысы тірі қалмаған. Олардың 34 адам жанкешті ретінде пайдаланылған, 29 адам қарулы қақтығыстарда қаза тапқан, 5 адам енгізілген үгітшілер ретінде жұмыс істеп қайтыс болған, 3 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсаған және тонау операциялары нәтижесінде 18 кәмелетке толмаған қаза тапты.

Куәгерлердің мен талдаулардың негізінде бұл балалардың Ирақта-46, Сирияда-33, қалған 10-ны Йемен, Ливия және Нигерия мемлекеттерінде қаза болған. Мұндай террористік ұйымдардың ықпалына түскен кәмелетке толмағандар саны әлде қайда көп.

Бүгінгі күнде ересек азаматтармен жасалатын экстремистік-террористік тұрғыдағы қылмыстарды, кәмелетке толмағандарда белсенді түрде жасайды деп пайымдауға болады. Кейбір жағдайларда кәмелетке толмағандардың басым бөлігі қоғамда қауіпті әрекеттерді жасағанымен жауапкершілікке тартылу жасына жетпегендіктен жауаптылықтан босатылып кетеді [36].

Террористік-экстремистік бағыттағы идеологияны ұстанушы ұйымдасқан топ мүшелерімен кәмелетке толмағандарды көбіне өздерінің көздеген мақсатарына жету құралы ретінде пайдаланылады. Олар міндетті түрде террористік қылмыс жасауға тартқандары үшін қатаң жазалануы керек.

Марк Сейджман – американдық психиатр, ЦРУ-дің жедел қызметінде жұмыс істеген (дипломатиялық қызметші ретінде жасырыну арқылы) өз еңбектерінде «Ауғанистан мемлекетіндегі «Моджахед» исламдық тобымен бірге жұмыс жасаған, зерттеуші бойынша террористердің төртен бірі ғана жағдай төмен отбасынан шыққан. Террористердің басым көпшілігі жоғары және жартысы орта таптан шыққан, көбісінің отбасы бала-шағалары бар, діни білімі алғандары өте аз, көбісі заңгер, дәрігер, инженерлер т.б.

Олардың террорист болуы дәстүрлі діни таным негізініен айрылып не батыстық мәдениетті қабылдамады не өз мәдениетін білмегендіктен террорист болды деп тұжырым жасаған» [37].

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандармен діни маңыздағы сабақтарды өткізу ҚР заңдарындағы талаптарын, баланың құқықтарын, мемлекеттің зайырлығы қағидаттарын, діни экстремизмге, зорлық-зомбылыққа, кемсітушілікке және мәжбүрлеуге жол бермеу талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылу қажет.

Осы себептен аталған мәселені реттеу аясында кез келген азаматтың діни сауатылығы болмай тұра діни маңыздағы кез келген оқыту ағарту жұмыстарының алдын алып, бір ізгілікке келтіріп, кәмелетке толмағандардың қатысуымен діни оқыту, өзгеде де іс-шараларды өткізуге жол бермеу мақсатында ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына толықтырулар қажет.

Бұдан әрі, бұл заңмен тыйым сала отырып, ҚР ӘҚБТК сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуы тиіс [38]. Себебі тіркелген діни бірлестіктерден, діни білім беру ұйымдарынан тыс, ата-аналарының және заңды өкілдерінің келісімінсіз, діни оқытудың алдын алу қамтамасыз етіледі. Құқық бұзушылық барысында радикалды діни идеологияға тарту, әлеуметтік оқшаулану және өзгеде төзбеушілікті қалыптастыру белгілері болған жағдайда шектеу ұсынылады. Осы бағытта діни қызметке негізсіз араласуға мүмкіндікті жояды.

Кәмелетке толмағандарды заңсыз діни оқыту, тәлім тәрбие беру, жасырын идеологиялық ықпал ету арнасына айналады. Сондықтан діни тәрбиенің өзін шектеу емес, жасөспірімді діни деструктивті ықпалдан қорғаудың нақты құқықтық кепілдіктерін белгілеу қажет.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабына 17-тармағымен толықтыруға ұсынылады:

Кәмелетке толмағандарға деструктивті діни идеология қалыптастыруға, оның ішінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін немесе ұлттық және діни алауыздықты қоздыратын әрекеттерге бағытталған діни оқытулар және өзгеде іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ осы заңмен рұқсат етілген өзгеде діни іс-шараларды ата-анасының, заңды өкілдерінің келісімінсіз өткізуге жол берілмейді»;

Аталған ұсыныс кәмелетке толмағандарды негізсіз діни оқыту проблемаларының алдын алуға мүмкіндік береді [39];

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 490-бабына 7-1 бөлігімен және 8 бөлігіне толықтырулар енгізуге ұсынылады:

1. 7-1-бөлігіне «Кәмелетке толмағандарға деструктивті діни идеология қалыптастыруға, оның ішінде құқықтық тәртіпті бұзуға итермелейтін немесе ұлттық және діни алауыздықты қоздыратын әрекеттерге бағытталған діни оқытулар және өзгеде іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ осы заңмен рұқсат етілген өзгеде діни іс-шараларды ата-анасының, заңды өкілдерінің келісімінсіз өткізуі, егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса».

2. 8-бөлгіне, баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші, 7-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) -.

Бұл ұсыныстар кәмелетке толмағандарға діни білімді өз беттерінше беруді жөн көрген азаматтарды жауапкершілікке тарту қажетілігін нақтылайды [38].

Қорытынды: Жүргізілген талдау кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу мәселесі ҚР ұлттық қауіпсіздігі, қоғамдық тұрақтылығы, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және баланың құқықтарын қорғау жүйесімен тікелей байланысты екенін жеткізеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлы, құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық вакум қалыптастырды.

Діни саладағы алғашқы либералды саясат дәстүрден тыс діни ағымдардың және радикалды ұйымдардың жағдай туғызғаны көрінеді.

Сондай-ақ, ғылыми қауымдастықта алдын алу әдістремелері бойынша бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Бұл іс-шаралардың ғылыми негізделуін әлсіретеді.

Кәмелетке толмағанадар арасында аталған проблеманың алдын алу бойынша әр түрлі кешенді іс-шаралар атқарылып жатқанымен, әлгі күнге дейін олардың арасында қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берілу деректері анықталуда. Осы проблеманың түпкілікті жоюға бағыталған әрі қарай тұрақты түрде профилактикалық жұмыстарды күшейтілген түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

1.2 Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизмнің алдын алудың нормативтік-құқықтық базасы

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қатер төндіреді және ҚР заңнамасына сәйкес жүйелі профилактика мен қарсы іс-қимылды талап етеді. Діни экстремизмнің алдын алудың тиімділігі профилактикалық қызметті жүзеге асыратын субьектілердің үйлесімді жүйесін құруға және олардың заңды және ұйымдастырушылық тетіктер негізінде өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге байланысты.

ҚР Үкіметпен қоғам арасындағы діни экстремистік маңыздағы кез келген туындаған кедергілерді еңсеру үшін жұмыстар атқарылып, дәстүрлі ислам діні жайында ілімге түсінік беретін сенімді дереккөздерден алынған маңызды материалдарды үгіт-насихаттайтын сапалы ақпараттар жеткізілгенімен, азаматтармен дұрыс қабылдамаулары қиындықтарға әкелуде.

Үкімет алдында тұрған өзекті міндеттер қатарында кәмелетке толмағандардың арасындағы діни экстремизмнің таралу жолдарын іздестіріп, оның алдын алу шарттарын тиімді қарастырып, оның орындалуын ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта діни экстремизм алдын алу бағыттындағы жұмыста бір қатар субьектілердің жұмылдыруын қажет етеді. Демек, субьектілердің міндеттері, әрекет ету реттілігі заң нормаларымен бір жүйеге салынбаған. Көп жағдайда әр субьектінің өз бетінше бөлек әрекет етуіне жол беріледі.

ҚР Конститутциясының 12 бабында мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтары басқа адамдардың құқықтарын және еркіндіктерін бұзбау қажетілігі аталған [1].

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында 1-бабының 3-тармағы экстремизмнің профилактикасының ресми анықтамасын береді. Экстремизм профилактикасына - экстремизмнің пайда болуы мен таралуына жол бермеуге бағытталған (құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзгеде де шаралардың кешенді жүйесі) көпжақты алдын алу сипатындағы жұмыстар жиынтығы ретінде қарастырады.

Осы заңның 11-бабының 2-тармағы жұмыстың ұйымдастырушылық механизмін нақтылайды. Яғни, мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экстремизм профилактикасы бойынша қызметін үйлестіруді терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратындығы жазылған.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу барысында жеке профилактика негізінен тәрбиелік-насихаттық және білім беру бағытында жүзеге асырылады. Мектептерде, жастар ұйымдарында және өзгеде білім беру орталықтарында діни сауатылықты арттыруға, дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға, радикалды идеологиялық ықпалға қарсы тұрақты имунитет қалыптастыруға бағытталған [2].

Профилатиканың түрлеріне қарастыратын болсақ, 2025 жылғы 30 желтоқсандағы №245-VII бекітілген (2026 жылдың 2 наурызынан бастап қолданысқа енген) ҚР «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заңымен профилактиканың негізгі түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Заң шеңберінде профилактиканың мынадай түрлері ажыратылады:

1. Жалпы профилактика - бүкіл қоғамға бағытталған алдын алу шаралары (құқықтық насихат, білім беру жұмыстары, әлеуметтік қолдау және құқық бұзушылықтардың себептерін жою);

2. Арнайы профилактика – белгілі бір құқық бұзушылық түрлеріне (экстремизм, терроризм, зорлық-зомбылық, т.б.) бағытталған мақсатты шаралар;

3. Жеке профилактика – құқық бұзушылық жасауға бейім немесе жәбір көрген адамдарға (ішінде кәмелетке толмағандарға) қатысты жүргізілетін психологиялық, педагогикалық, медициналық, құқықтық көмек шаралары [3].

Мемлекеттің басты міндетерінің бірі ел мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизм мен терроризмге қарсы шаралар әзірлеу.

ҚР 1992 жылғы 15 қаңтардағы №1128-XII «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы тәуелсіз Қазақстанның діни қатынастар саласын реттейтін алғашқы нормативтік құқықтық актілерінің бірі. ҚР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіздікке өту кезеңінде қабылдаған. Құжат азаматтардың ар-ождан мен сенім бостандығына конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің құқықтық негізін қалады. Дінге мемлекеттік бақылаудың кеңестік үлгісінен бас тартты. Құжат 2011 жылға дейін әрекет етті. Діни экстремизм қатерлерінің алдын алу үшін 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Алайда оның тарихи маңызы елдегі мемлекеттік-конфессиялық саясаттың эволюциясын түсіну үшін негізі болып қала берді [40].

XXI ғасырдың басындағы аталған құжаттардағы өзгерістерді ескермейтін болсақ, 1990-жылдардағы Қазақстанның мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы заңнамасы барлық діни ұйымдарға, топтар мен қозғалыстарға, оның ішінде радикалды ислам идеологиясы мен құндылықтарын насихаттағандарға да өте төзімді және либералды болғаны айқын еді.

2016 жылы ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылған. Мемлекеттік деңгейде конфессиялар туралы ғылыми білімді дамыту қажетілігі мойындалып, жоғары оқу орындарына дінтанушылар даярлауға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Орта мектеп бағдарламаларына «Дінтану негіздері» пәні енгізілді. Кейінен, 2017 жылғы 20 маусымда ҚР Президентінің Жарлығымен «ҚР 2017-2020 жылдарға арналған діни саладағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдаманың басымдықтары мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылын жетілдіру, зайырлылық қағидаттарын бекемдеу, діни экстремизмге қарсы тиімді жүйе құру және деструктивті діни ағымдардың әрекетін бейтараптандыруға бағыталған.

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабына сәйкес, экстремизм деп діни араздықты немесе қоздыру, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына, құқықтарына және бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану (діни экстремизм) түсініледі.

Сонымен қатар, экстремизмнің профилактикасы - экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі ретінде аталған.

Осы Заңның 11 бабы негізінде мемлекеттік органдардың аумақтық өзін-өзі басқару органдары экстремизм профилактикасы жұмысын үйлестіруді терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде облыстардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады [2].

30 тамыз 1995 жылы өткен Республикалық референдумда ҚР әлі күнге дейін негізгі Заңы ретінде жаңа Конституция қабылданды. Конституцияның 98 баптан тұратын бұл құжат мемлекеттің зайырлылық қағидатын (1-бап) және ар-ождан бостандығы құқығын (22-бап) бекітті. 2017 жылы конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес 10-бапқа сот бұл заңда белгіленген тәртіппен террористік деп танылған қылмыстар жасағаны үшін қолданылады.

Құжаттың бастапқы редакциясында ол елде діни экстремизм идеяларын насихаттайтын діни ұйымдардың қызметіне еш кедергі келтірмейді. Бірақта 1995 жылдан бастап және кейінгі 10 жыл бойы бұл заңға бірнеше түзетулер енгізілді. Қазақстандағы дін мен діни ұйымдардың жағдайын реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық актілердің пайда болуына байланысты әрбір бап өзгертілді.

Мысалы, Заңға преамбула тек 2005 жылы ғана енгізілді. Мұнда демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде азаматтардың сенім бостандығына қарамастан тең құқықтары қамтамасыз етіледі. Елдің рухани мұрасы аясында діндердің мәдени-тарихи рөлін мойындайтыны, сондай-ақ конфессияаралық келісімінің, діни төзімділіктің және халықтың діни сенімдеріне құрметтің маңызын атап өтілетіні көрсетілген.

2014 жылы ҚР Қылмыстық кодексіне экстремистік-террористік қылмыстық құқық бұзушылықтарды қатаңдату мақсатында 255, 256, 257, 258, 259 және 260 баптарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизмнің алдын алу үшін ҚР Конституциясына, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы», «Дін еркіндігі және діни қызмет туралы» Заңдарында, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, білім беру, құқық қорғау, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық және діни бірлестіктер кіреді [41].

Әрбір субъект радикалды идеологияның таралуына ықпал ететін себептерді анықтауға, алдын алуға және жоюға бағытталған іс-шараларды орындайды. Білім беру мекемелері ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңға сәйкес, кәмелетке толмағандарда толеранттылық, азаматтық жауапкершілік және құқықтық сананы қалыптастыруда қызмет етеді. Оқу орындарында діни экстремизмнің салдарын алдын алуға бағыталған дәрістер, тренингтер және семинарларды өткізеді [42].

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-II «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес жергілікті деңгейде профилактикалық бағдарламаларды іске асыруға ықпал етеді. Қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіреді және халықты діни экстремизмге қарсы іс-шараларға тартуға қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ сыртқы қол сұғушылықтан жасөспірімдермен жастар арасындағы қамқоршылықты қажет етеді. Бүгінгі күнде заң шеңберінде баланың құқықтары және жастар саясатына қатысты діни экстремизмге қатысты профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажетілігі аталған заңдар қабылданған [43].

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам конституцияда кепілдік берілген негізгі құқықтарын және мүделерді қорғауға бағыталған кешенді механизмдерді қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттеу үшін 2002 жылдың 8 тамызындағы «ҚР баланың құқықтары туралы» Заңында баланың дамуы мен денсаулығына зиян келтіретін яғни нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпенділікті қоздыруға бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты, терроризмді насихаттайтын, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына өзгеше түрде нұқсан келтіретін, тыйым салынатындығы, ал олардың бос уақытты өткізетін өзге де ұйымдарында, лагерьлерде, санаторийлерде құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге, діни ілімдерді таратуға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейтіндігі, сондай-ақ дінге көзқарасына, тегіне, әлеуметтік, мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, нанымына, тұрғылықты жеріне қатысты және кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге болмайтындығы жайында мәлімделген [44].

Ал мемлекет жастардың (14 пен 35 жас аралығындағы азаматтар) мүдделерін ескере отырып, олардың әлеуметтік жағдайларын арттыру, жұмысыздық пен білім сапасы секілді мәселелерді шешу үшін тиімді шараларды қабылдауға және дамытуға ерекше назар аударылып, 2015 жылдың 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының жобасы қабылданып, онда жастар арасындағы мемлекеттік жастар саясатының мақсаты, міндеттері және қағидаттарында рухани, зияткерлік, имандылық тұрғысынан дамыту, мәдени, білім алып, кәсіби, дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады. [45].

Заңдарда Кәмелетке толмағандарға немесе балаларға жастарға қатысты олардың діни, рухани және имандылыққа немесе басқада оқыту процестерімен байланысты материалдарды дайындау, республика аумағында барлығына бірдей сауатылықты, қабілетілікті, дүние танымдылық идеологиясын жоғарлататын бір реттік жүйеге келтіріліп түсіндірушілік, жүйелеулілік, дамытушылық эмоционалды-ынталандырушылыққа, таным үдерістерін белсендіруге оң нәтижелі бағыт беретін оқытып үйрету сабақтар, дәрістер, семинарлар, жоспары, т.б. түйінді бағыттары ұйымдастыру жағдайы қарастырылмаған.

Бұдан әрі, Қазақстанда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ҚР ҰҚК бірқатар отандастарымыздың әйелдерін және балаларын еркіндерінен тыс Сирия мемлекетіне қоныс аударғандарды елге қайтару бойынша «Жусан» арнайы операциясының 2019-2021 жылдар аралығында 6 кезеңі өткізілді.

Қазақстандық кәмелетке толмағандардың бақытты болашағы соғыс жүріп жатқан елде өтті.

Атқарылған жұмыстың қорытындысымен Сириядан барлығы – 595 азамат қайтарылды. Оның әр түрлі жастағы 406 балалар (32 жетім), бірінші кезеңде - 30 бала, екінші кезеңінде 156 бала (18 жетім), үшінші кезеңде 171 бала (9 жетім) және төртінші кезеңде 49 бала (5 жетім) отанымызға жеткізілді. Жетім қалған 64 балалар жақын туыстарының қамқорлығына берілді [46].

Басқа шетелдерде немесе халықаралық тәжірибелерде кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремимзнің алдын алуды және жоюға бағыталған ұйымдастырушылық іс-шараларына зерделеу жүргізілді. Экстремистік-террористік көзқарастардың алдын алу шаралары көптеген елдердің алаңдатушылығын тудырып, күн тәртібінде білім берудегі маңызды рөл атқаратындығы мәлім болды.

Әлемдік тәжірибелерге шолу жүргізу уақытысында әр мемлекетте қоғамның шоғырлануына қауіп қатерлерге жіті саралаулар жүргізіп, олардың шығу тетіктерін жоюға және келешекте қандайда бір келеңсіз төтенше жағдайларды болдырмауға тиімді жұмыстар жүргізіп жатқандағы қаралды.

Басқада мемлекеттердің экстремизммен күрес бойынша бағдарламаларының басымдылығында кәмелетке толмағандардың арасындағы діни экстремимзмнің алдын алу тетіктеріне арналған бөлімдері бар. Мысалы, әр мемлекеттің жергілікті атқарушы органдарымен кәмелетке толмаған арасындағы діни экстермизмнің алдын алудағы жұмысты ұйымдастырылуына тоқтап өтсек:

- Нидерландия мемлекетінің Амстердам қаласының Слотерваарт ауданында ислам дінін ұстанушы мұсылмандар қауымы өмірі сүреді. Олардың діни теріс көзқарастарға бұрмаланып, радикалдануының алдын-алу мақсатында арнайы «Слотерваарт» іс-қимыл жоспары құрылған. Оны жүзеге асыру үшін бұл ауданға жеке қаржыландыру бөлінеді. Жоспар шеңберінде «Академия-ислама» аты білім беру бағдарламасы жеке қызметкерлердің бөлінуімен жұмыс жасайды. Құрамында жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мешіттердің және өзгеде ұйымдардың қатысушыларын қамтиды.

Мақсаты жастар арасындағы бірегейлікті дамыту, әр түрлі сыни мағынадағы пікірталастар жүргізуді және және тәуекел тобындағы жастармен жұмыс істеуді ұйымдастыру.

- Ұлыбритания дінтану мектеп бағдарламасының міндетті пәні болып табылады. Алайда мақсаты оқушыларды ешқандай сенімге тарту емес, әлемдік негізгі діндердің негізгі ережелерімен таза ағартушылық тұрғыда таныстыру, кәмелетке толмағандардың сұрақтарына дәл әрі теңдестірілген жауаптар беретін сенімді білім беру көзі оларды мектептен тыс сыртқы діни көшбасшыларға жүгіну қажетілігінен құтқарды.

Ұлыбритания мемлекетінде 1990 жылы Лондон қаласы және Слоу ауданында тұратын кәмелетке толмағандар арасында ислам дінін ұстанушылар, қылмыстық топтар, үндістер және сикхтер арасындағы нәсілдік негіздегі физикалық зорлық-зомбылық, қарама-қайшы бұзақылық әрекеттері күшейе

түскен. Лондонның атқарушы органдарының басқарушыларының бірі Дадли Дикс есімді тұлғамен осы мәселені түбегейлі шешіп, жастар арасындағы қақтығыстарды тойтаруға «Aik Saath» аты ұйымы құрылған.

Ұйым қызметінің шеңбері өте кең, онда оқушыларға, студенттерге білім беру және әлеуметтік жұмыс жасау, діни экстремистік идеологияларды демифологияландыру, сарапшыларды даярлау, жанжалдарды сындарлы шешу әдістеріне оқыту, нәсілшілдік және қорқытумен күрес жүргізу болып табылады [47].

- Аустралия мемлекетімен 2002 жылы Бали аралында орын алған терakt оқиғасы кезінде Аустралияның азаматтары қайтыс болуына орай 15-16 жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға бағыталған тұжырымдамалық нормаларын ұсынатын, экстремистік ортаға тарту әрекеттеріне қарсы моральді тұрақтылықты етуге «beyond Belief» бағдарламасы іске қосылған. Бұл бағдарлама Аустралия мемлекетіндегі білім беру ұйымдарының жүйесіне енгізіліп, интелектуалды-моральдық бес деңгейлі модульден тұрады, олар;

1. Эмпатия (бұл басқалардың эмоционалды жағдайына саналы түрде жанашырлықпен қарау, олардың өздерін қалай сезінетінін түсіну және жанашырлық білдіру); 2. Моральдық негіздеме; 3. Хабардарлық; 4. Шешім қабылдау; 5. Шығармашылық тәсіл.

Мұндай бағадарламалардың дамуы оқушылардың өз бетінше шешім күн тәртібін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бір маңыздылығы бюрократиялық қиындықтардың болмауы және бейресми бірлестіктер сипаталады [48].

- Германия мемлекетінің саясат танушысы, құқық философиясы тұрғысынан экстремизм тақырыбын зертеуші танымал заңгер Карл Шмитт пікірінше «қазіргі замануи теория теорияның әлеуметтік-саяси шындықты тұрақты және қақтығысыз процесс ретінде сипаттайтынын сынады. Шмиттің пайымдауынша кейбір ерекше жағдайларда құқықтық нормалар қажетті шешімді ұсына алмайды. Мұндай сәттерде саясаткер нормативтік шеңберден тыс әрекет етуге мәжбүр болады. Бірақ бұл оны экстремистке айналдырмайды.

Діни экстремизмді зерттейтін мамандар үшін қорытынды жасау үдерісі күрделірек келеді. Себебі зерттеуші ғалымдар ғылыми бейтараптықты сақтауы тиіс, бірақта азамат ретінде саяси және этикалық тұрғыдан сыни көз қараста дұрыс тұжырымдамалар жасауға шақырылатындығы туралы көрсеткен.

Кез келген діни экстремизм жүйесін оны түрлендірген әмбебап тәсілдерін адамның табиғатынан сенімшіл екендігіне нұқсан келтіре отырып, пайдалануға болады.

Діни экстремизм туралы жазатын авторлардың пайымдауынша бұл экстремизм түрін адам бойына сіндіру арқылы, оларды өздерінің теріс пиғылды іс-әрекеттерін жету мақсаттарында әр түрлі зорлық-зомбылықта қолданатындығын атап өткен.

Зерттеушілердің айтуынша эстремизм бұл тек радикалды идея ғана емес, ол ерекше түрі және ойлау жүйесі. Радикализм идеологиясын кез келген тасымалдаушы оны іс жүзінде жүзеге асыруға дәрмені жетпейді деп дәріптеген.

Сонымен қатар, экстремистік тұлғаның қалыптасуы әлеуметтік-психологиялық деректердің кешенді ықпалына тәуелді. Мұндай тұлғаның мінез-құлқы құндылықтар мен мақсаттарға, ерекше көзқарастар жүйесіне және өзіндік мінез-құлық стиліне негізделген. Яғни ең алдымен, рухани дамуындағы кемшіліктер және маргиналды топтардың идеяларын қолдауымен сипатталады. Алайда мұндай идеялар экстремистік қоғалыстардың негізгі құндылықтарына сай келмеуі мүмкін.

Теріс діни экстремистік идеологияны ұстанушыларының көбі өзін қоғамға ықпалымен өзгерту жасауын толық білетініне сенімді. Ол бұны жасамаса одан басқа ешкімнің істей алмайды деп өз-өзіне іштей сенім танытып, құтқарушы ретінде қабылдайды.

Сондай-ақ ол үшін мұндай жай-күйі мағыналы және жағымды, өзін-өзі батыр, аңыз адам ретінде сезінеді, шындықты жеткізуші және барлық адамзатты қиыншылықтардан құтқарушысы, оның бойындағы қасиет өзінде ғана, ал мұндай сезім басқа адамдарда жоқ ретінде сезінеді.

Ол осындай өзін жоғары бағалауы көздеген мақсаттарында ең қатал зорлық-зомбылық тәртіптік құқықбұзушылық іс-әрекеттерін жасауы негіздейді. Олар өздерін басқа құқық бұзушылардан жалған ақталуымен ерекшеленеді. Тұлғалардың радикалды көзқарастардың пайда болуына ықпал ететін мәнжайлардың бірі діни сауатының төмендігі, террористік ұйымдардың ықпалының, психологиялық факторлары әсер етеді [48].

Кәмелетке толмағандар арасындағы экстремизмнің алдын-алуға қатысты ғылыми зерттеу жұмыс жүргізген ғалымдар В.Л.Назаровпен, П.Е.Суслоновтың тұжырымдамасының негізінде «діни саладағы толеранттылық дегеніміз әрбір адамның рухани-идеологиялық таңдауы мен сенім еркіндігін құрметтеу ұстанымдықты білдіреді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі діндер толеранттылықтың маңызды әлеуетін ұсынады. Сенімнің тек жеке қалауы арқылы ғана жүргізіледі. Қоғамда әртүрлі діндер мен конфессия өкілдері, сенушілер, сенбейтіндер ара жігінде бейбіт және өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнатылуы тиіс қажетілігі» туралы жазған [29].

Мемлекеттің жарқын болашағы кәмелетке толмағандардың тәрбиесі мен сапалы білім алуына тікелей байланысты. Мұндай мәселеге мемлекет тарапынан назар аударуды және бақылауды талап етеді. Олардың салауаты өмір салтын ұстануы, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруі, қамқорлық, мейірімге бөленуі болашақтарына оң ықпал етеді. Дегенімен, тәртіп бұзушылықтың алдын алу барысында педагогтардың құқық бұзушылық, зорлық-зомбылықтың, қатігездіктің, булингтің алдын алу бойынша айтылғанымен, діни экстремизмнің бастапқы белгілерін анықтау, жеке кәсіби құзырет ретінде жеткілікті бекітілмеген.

Сондықтан педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына діни экстремизмнің алдын алу, белгілерін байқау, жасөспірімнің және ата-анасымен өз дәрежесінде түсіндіру жүргізу, аталған жұмыс білім беру мекемелерінің профилактиканы күшейтуге бағыталады.

Бұдан әрі, балалардың ерте жастан ақпараттарды дұрыс түсінбей, өз бетінше саралауы, ойлау дамуына зардабын тигізетін мағынасына мән берместен, деструктивті діни мүшелеріне қатарына еруі мүмкін.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу тек құқық қорғау сипатында ғана емес, білім беру, тәрбие, құқықтық мәдениет және сыни ойлау қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Мектептер және колледждер кәмелетке толмағандардың күнделікті әлеуметтік ортасы болғандықтан, профилактиканың алдыңғы субьектілері болуы керек.

Білім беру мекемелерінің педагог мамандарымен кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу және оның белгілерін ерте кезден анықтауға бағытталған мәселелері жеткілікті дәрежеде реттелмеген. ҚР нормативтік заң актілеріне кәмелетке толмағандар арасындағы радикалдық идеологияның алдын алу қаупін ерте анықау, арнайы тетік қалыптастыру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар қажет етеді.

Қоғамдағы өзгеде өзекті мәселелердің бірі - кейбір ата-аналардың діни сауатылықты дұрыс алмай, зақымданған теріс ойлы діни көзқарастарды қамқорлығындағы кәмелетке толмағандарға дұрыс діни ақпараттарды жеткізбеулері.

Зерттеу нәтижелерін талдау, кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын-алу шараларын әзірлеу қажеттілігн көрсетеді. Олардың таралуына жол бермеу үшін тиімді профилактикалық тетіктерді қалыптастырудың маңызы айқындалады.

Білім беру мекмелерінде кәмелетке толмағандар мемлекеттің кемел болашағын қалыптастыратын маңызды буын екендігі ескеріледі. Олардың арасында діни экстремизмнің таралуына жол бермеу және оны жоюға бағытталған алдын алу іс-шараларды кешенді түрде ұйымдастырып, тиімді жүзеге асыруға ұсынылады;

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 3-бабының 9-тармағы ретінде «білім алушылардың құқықтық, азаматтық, діни сауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік мәнделиетін қалыптастыруға, діни экстремизм-терроризм идеологиясына қарсы тұрақты иммунитетті дамытуға, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың радикалды көзқарастарға ықпалын түсінуінің алдын алуға бағытталған тәрбиелік, түсіндіру және профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады» деген сөйлемен толықтыру [49].

Ұсынылып отырған толықтыру профилактикалық субьектілерінің нақты байланысын бекітеді, кәмелетке толмағандарды қорғауды, тәрбиелік және оңалтуға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Талдау нәтижесінде діни экстремизмнің кәмелетке толмағандар арасында таралуына бір қатар деректердің әсер еткені анықталды. Діни сауатылықтың төмендігі отбасылық бақылаудың әлсіздігі, ғаламтор арқылы радикалды контентердің таралуы, психологиялық тұрақсыздығы және діни ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етілмегені аңғаруға болады.

Жалпы жұмыстар орындалуда. Бірақта діни экстремистік сипаттары бар

кәмелетке толмағандарды ерте анықтау педагогикалық сүйемелдеу, ата-аналармен заңды өкілдердің жауапкершілігін нақтылау, білім беру ұйымдарының әрекет ету мәселелері толық регламенттелмеген.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуға тиімді болуы үшін жазалау шаралары жеткіліксіз. Негізгі бағыт ерте анықтау, отбасымен жұмыс, құқықтық, діни сауатылықты арттыру, ғаламторды пайдалану уақытысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қорғауға назар аудару қажет.

Атқарылған іс-шаралар кәмелетке толмағандардың радикалды идеология қаупін төмендетіп, қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік береді.

2 Кәмелетке толмағандар арасындағы экстремизмнің алдын алудың ұйымдастырушылық тетіктері мен құқық қолдану практикасы

2.1 Экстремизмнің алдын алу субъектілерінің жүйесі және олардың өзара іс-қимылы

ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Мемлекеттік органдар діни экстремизмге қарсы бағытталған мемлекеттік бағдармаларды әзірлейді. Нормативтік-құқықтық реттеуді, профилактикалық қызметті үйлестіруді қамтамасыз етеді және іске асырады. Сондай-ақ осы саладағы заңнаманың сақталуын бақылайды. ІІМ, Білім және ғылым министрлігі, ҰҚК, Мәдениет және ақпарат министрлігі және басқада уәкілетті органдар профилактика стратегияларын әзірлеу мен жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады [2].

Отандағы діни экстремизм кәмелетке толмағандар арасындағы экстремизмнің бір түрі болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі, рухани тәрбиенің жетіспеушілігі және отбасылық институттардың дағдарысы жастарды радикалды діни идеологияларға итермелейді. Ғаламтор арқылы халықаралық радикалды ағымдармен байланыс және көші-қон процестерінің әсері діни экстремизм идеяларының таралуына ықпал етеді. Қазақстан мұсылмандарының бір бөлігінің радикалдануының тағы бір себебі ұзақ уақыт бойы ресми руханиятта да балама ғылыми ортада да беделді теологтардың болмауы.

Мұндай жағдайда тәжірибелі кәмелетке толмағандардың санасына шетелдік шейхтар немесе пәтерлік ұстаздар оңай әсер етеді. Көпшілікке түсініксіз арнайы тіл және қоғамдық дәстүрлерге қарсы жасөспірімдік наразылық оларға артықшылық пен таңдаулылық сезімін береді. Қоғам, билік немесе жақындарының мұндай жаңадан сенімге келгендердің мінез құлқына назар аударуы олардағы эгоцентристік ұстанымды күшейтеді.

Басым бөлігі әлеуметтік тұрақсыздығы жоғары аймақтардан шыққан кәмелетке толмағандар радикалды топтарға тартылады. Кейбіреулері шетелдегі қақтығыстарға қатысуға жіберіледі. Басқа конфессияларға немесе зайырлы өмір салтына қарсы діни төзімсіздік идеяларының таралуы көп конфессиялы Қазақстанда ерекше мәселе болып табылады. Білім беру, әлеуметтік жұмыс және құқық қорғау органдары жүйесі, әсіресе шалғай аймақтарда, жастардың радикалдануын әрдайым тиімді анықтай бермейді. Негізгі екпін жазалау шараларына қойылады, бұл кері экстремизмді тудыруы мүмкін.

Экстремистік ұйымдардың көбінесе Қазақстаннан тыс жерде әрекет етуі ғаламтордағы насихатпен және трансұлттық желілерімен күресуді қиындатады.

Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік бейімделуі бойынша кешенді жұмыс қажет етеді. Оған жұмыс орындарын құру, еңбек нарығына бағытталған кәсіби білім беруді дамыту және отбасылық құндылықтарды нығайту кіреді.

Экстремистік сайттарды бұғаттау және әлеуметтік желілерді бақылау үшін көрші елдермен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту, мектептер мен жоғары оқу орындарында төзімділік, дінаралық диалог және сыни ойлау курстарын енгізу, сондай-ақ зайырлы құндылықтарды қазақ елінің бірегейлігін насихаттау қажет.

Радикалды идеологияларға қарсы тұра алатын Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы сияқты орташыл діни көшбасшылары мен ұйымдарды қолдау, экстремизмге байланысты қылмыстарды уақтылы тіркеу және тиісті баптар бойынша дұрыс біліктілік беру, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру маңызды.

ҚР діни экстремизм әлеуметтік, экономикалық білім беру және құқық қорғау органдары шараларын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Ал жұмыссыздық, әлеуметтік оқшаулану, тәрбиенің жетіспеушілігі сияқты радикалдану себептерін жою, тиімді профилактикамен, зайырлы құндылықтарды нығайту, халықаралық ынтымақтастықпен біріктірілгенде көп ұлтты және көп конфессиялы қазақ қоғамындағы бұл қауіптің деңгейін едәуір төмендете алады.

Қоғамдық және діни бірлестіктер 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес дін өкілдері жастарға оң өмірлік бағдарларды қалыптастыру функцияларын атқаралады. Мәдени, білім беру, рухани іс-шаралар арқылы олар радикализацияның алдын-алуға, ұлтаралық және конфессиярлық келісімді нығайтуға және толеранттылықты дамытуға ықпал етеді [51].

Кәмелетке толмағандар арасында діни экстремизмнің алдын алу құқықтық негізде әрекет ететін және ортақ мақсаттармен біріккен субъектілердің кешенді жүйесінің жұмыс істеуін қажет етеді.

Мемлекеттік органдардың, білім беру мекемелерінің, құқық қорғау құрылымдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық, діни бірлестіктердің үйлесімді өзара іс-қимылы діни экстремизмнің идеологиялық, әлеуметтік қатерлеріне төзімді қауіпсіз және толерантты ортаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ұсынылған шаралар мен замануи әдістерді іске асыру кәмелетке толмағандарға радикалды діни идеологиялардың ықпалын тұрақты түрде төмендетуге және қоғамның жалпы қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Экстремизмнің алды алу субъектілерінің жүйесін дінмен байланыстыра зерттеу бұрыңғы Кеңес үкіметі аумағында 1970-жылдардан бастап қолға алынды. И.Бражников, Э.Филимонов, В.Арестов, Э.Лисовцен, И.Колесникова, және т.б. олар еңбектерінде діни негізде орын алған оқиғаларға қатысты субъектілердің өзара іс-қимылын талдап, оны саясатпен, идеологиямен, құқықпен және әдет-ғұрыппен тығыз байланыстырады.

Экстремизмнің алдын алу жүйесін олар дінді бүркенген мемлекет пен қоғамға қарсы бағытталған құбылыстың қарсы тұру механизмі деп түсіндіріп, оның субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырудың сол кезең мен қоғамға лайықты жолдарын ұсынды.

Экстремизмнің алдын алу субьектілерінің жүйесінің басты сипаты ретінде біз белгілі бір қоғамда қабылданған құндылықтар мен нормаларға қарама-қайшы келетін қорытындылар мен анықтамаларға қарсы тұру деп түсінуіміз керек. Бұл пайымдауға қарап, экстремистік ұмтылыс пен әрекеттердің алдын алу жүйесінің негізінде қоғамдағы белгілі бір саяси-әлеуметтік, экономикалық дағдарыс, кемшіліктерді түбегейлі өзгерту мақсаты жатқан субьектілердің өзара іс-қимылы деген ой туындауы анық. Ал ол ойдың, өз кезегінде радикализмнің алдын алу негізінде қалыптасқан әлеуметтік және саяси институттарды түбегейлі өзгертуге қарсы бағытталған саяси-әлеуметтік идеялар мен әрекеттер бар.

Аталған мәселе төңірегінде ой қозғаған кейбір ғалымдар мен мамандар экстремизмнің алдын алу субьектілерінің жүйесі мен олардың өзара іс-қимылы тек саяси-қоғамдық өмірде де яғни әлде бір проблемаларды шешуде қарама-қарсы көзқарастар, ойлар тоғысында бой көрсетіп, тиімді өзара іс-қимыл арқылы жұмыс істеуі мүмкін дейді.

Ислам діні өз уақытында ғаламның космологиялық көзқарасына негізделген дүниетанымдық парадигманы қабылдап, оны өзінің идеологиялық құрылымына интеграциялады, кейде бастапқы догматикалық постулаттардан тыс шықты. Ортағасырлық ислам ойшылдары, атап айтқанда ханафиттік имам Әбу Ханифа және салафиттік ғалым Ибн Таймия әлемді «Дар әл-ислам» (ислам кеңістігі), «Дар әл-күфр» (сенімсіздік аймағы) және «дар әл-харб» (қақтығыс аймағы) деп бөлетін концептуалды модель ұсынды. Бұл трихотомия теологиялық рефлексия аясында қалыптасқан интерпретацияны білдіреді. Аталған модель ислам әлемін тек қарулы қарсылық аймақтарына ғана емес, мұсылман идеологтары сенімсіздік кеңістігі деп санаған аймақтарға да қатаң түрде қарсы қойды.

Кейінен бұл концепция діни радикалдық идеологиясына айналып, дәстүрлі халықаралық жүйені дестабилизациялауға бағытталған экстремистік сипатқа ие болды. Олардың пікірінше «ислам мемлекетаралық шекаралар, мәдени антагонизмдер жойылатын «ислам әлемі» немесе «сенім әлемі» сияқты бірлікті қамтамасыз ететін дінге айналады деп есептейді.

Мұндай көзқарастар большевизм идеологиясымен, яғни жаһандық түпкілікті өзгеріс арқылы жаңа әлемдік тәртіп орнату идеясын көрсетеді. Алайда тарихи тәжірибе мұндай идеологиялық бөлшектердің әлеуметтік және саяси дезинтеграция ұзақ мерзімді болуы күмән тудыратынын көрсетті» [51].

Діни экстремизмнің пайда болу себептері тек бинарлы немесе діни дүниетанымммен ғана шектелмейді. Ұлттық оқшаулану, егемендікке ұмтылу сияқты деректерімен тығыз байланысты болып келеді. Мұндай радиказим ежелгі заманнан бастау алады. Этникалық өзара әрекеттесудің негізгі формалары бірігу процестері арқылы қалыптасады.

Экстремизмнің алдын алу үшін осындай ақпараттардың мәнін түпкілікті түсініп, тиісті субьектілердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды екенін атап өткен жөн. Бұл экстремизмнің алдын алу жүйесінің құрылымын, субьектілерінің өзара жүйесінің құрылымын, механизмдерін талдайды.

Діни экстремизмнің алдын алуға жұмылдырылған әрбір субьект заңнамалық базаны әзірлеу, радикалды топтардың қызметін бақылау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларын орындайды.

Сонымен қатар, оқыту орындары оқушылар арасында толерантылық, мәдениеті, өзара құрмет құндылықтарын насихаттауға бағытталған білім беруді жүзеге асырады. Діни бірлестіктер рөлі діни радикализмнің алдын алу бағыталған діни білім беруге, қарсы идеологиялық жұмыс жүргізуге қатысады.

Дегенмен, этникалық шиеленістердің, экстремистік көзқарастардың пайда болуына этностар арасындағы бәсекелестік және мәдени түсінісбеушілік радикалды топтардың пайда болуына түрткі болуы ықтималдығы басымдық танытады [52].

Тақырып шеңберінде басқа мемлекеттердің діни радикалды идеялардың алдын алу бойынша атқарып жатқан жұмыстарына шолу барысында анықталғаны:

Яғни, Германияның құқық қорғау органдары ұлтаралық араздықты қоздыру жағдайларын, оның ішінде ғаламтор жүйесі арқылы ислам дінінің идеяларын таратумен байланысты әрекеттерді сүйемелдеген материалдарды уақтылы анықтау және тоқтату бойынша қиындықтар туындаған. Яғни Германия Федеративтік Республикасының Қылмыстық кодексінің 86-бабы мұндай іс-әрекеттерге қарсы тұру үшін жеткілікті заңды негіздер береді.

Бұл мемлекеттің негізгі заңының преамбуласында халқы бұл құжатты құдай мен адамдар алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, қабылдағаны атап өтіледі. Зайырлы мемлекет бола тұра және ар-ождан мен дін еркіндігін қамтамасыз етіп, Германия түрлі діндерге төзімділік пен қолдау көрсетуге ұмтылады.

Германиядағы кәмелетке толмағандардың діни тәрбиесі 1921 жылғы балалардың діни білім беру туралы заңмен реттеледі. Заң шеңберінде 14 жасқа толға бала дінді таңдауға, діни бірлестіктерге кіруге немесе шығуға, мектептегі дін сабақтарына қатысу-қатыспау туралы шешім қабылдауға құқылы. Германия мектептерінің көпшілігінде оқушылар өздерінің конфенссиясына байланысты католиктік немесе протестанттық дінді оқиды. Ал христиан дінін ұстанбайтын балалар бұл сабақтардан бас тартып, оның орнына этика сабақтарына қатыса береді. Кейбір білім беру мекемелері оқытылатын дінді өздері анықтайды.

Бұл аталған мәселелердегі тәсілдердің бірыңғайлығы Германиядағы мұсылман халықтың үлесі пайыздық қатынаста екі есе көрсеткіштің артқанымен негізделеді. Кейбір жерлерде ата-аналарының рұқсатымен жасөспірімдермен діни маңыздағы сабақтарына қатысудан босатылады.

Мұндай әдіс Германияның католиктік және лютерандық дәстүрлердің әрекеттесу тарихынан көрінеді. Білім берудегі басты екпіні бір дінді оқуды ғана емес басқа рухани құндылықтарды қалыптастырады. Төзімділікті дамытуға және әр түрлі діндердің құндылығын мойындауға бағытталады. Дін сабақтары консультациялар және этномәдени бірыңғайлықты сақтауға жағдайды

үйлестіреді. Жеке тұлғаның көп мәдениетті ортада үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Кейбір ислам дінін зерттеушілері мұндай тәсілдерге сақтықпен қарайды. Өйткені мұндай оқыту тәсілдері діни төзімділікті қалыптастыруға әрқашан ықпал етпейді және кемшіліктері бар деп санайды.

Мысалы, ислам бір тұтас дін ілімі болмағандықтан (көптеген ағымдарға бөлінгендіктен), оқушының отбасы мүшелері ұстанатын діни нұсқасына назар аударады. Сабақтарды оқушының ата-анасы немесе дін қауымдастығы бекіткен өкілдер жүргізеді. Оқушының дүниетанымын қалыптастыру, экстремистік идеялардың енуі және керісінше олардан алшақ болуы ұстаздың жеке басына байланысты деп есептейді.

Германия мемлекетінде ислам дінінің кез келген үлгісін оқытуға рұқсат етілгендіктен сабақтардың мазмұнын мемлекетпен бақылау қиындықтарды туғызады. Себебі экстремистік идеялар көбіне бейхабар адамдар үшін түсініксіз болып табылады. Құран сүрелерінің интерпретациялары түрінде жасырылуы мүмкін. Негізінен түрік оқушыларының топтарында ұйымдастырылады.

Оларды қабылдаушы Германияның мәдениетімен өзара әрекеттесуін шектейді. Нәтижесінде оқушылар жергілікті діни дәстүрлер, мысалы лютерандық туралы аз біледі. Осындай оқшауланған топтардың қалыптасуы әр түрлі ұлттардың оқушылары арасында қақтығыстардың туындауына әкелуі мүмкін [53, 54].

Бұдан бөлек, Ұлыбританияның кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм мәселелеріне қатысты орындалып жатқан іс-шараларына жіті зерделеу жұмыстары жүргізілді. Тәсілдері аталған салада ең дамыған елдердің бірі ретінде қарастыру маңызды. Терроризм мен экстремизмге қарсы күрес әдістерін үнемі жетілдіріп отырады [54].

2005 жылы экстремистік әрекеттерге қарсы шараларды қамтитын «Терроримзнің алдын-алу туралы» заң қабылданған. Кейінен радикалды идеялардың таралуын болдырмауға бағытталған «Зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу» бағдарламасы іске қосылған.

Бағдарлама төрт негізгі қағидаға негізделген, бірінші алдын алу, екінші қудалау, үшінші қорғау және төртінші дайындық деп бөлген. Парламентке экстремизмге қарсы тиімді күреске ықпал ететін ұсыныстар енгізілді. Ішінде радикалды топтармен байланысты бар немесе экстремистік әрекеттерге бейім деп күдіктелген адамдардың елге кіруіне шектеу қою.

Мұндай іс-шаралар белгілі бір оң нәтижелер әкелді. Қоғамы саяси, этникалық және діни әртүрлілігімен ерекшеленеді. Бірақ экстремизм деңгейлі салыстырмалы түрде төмен.

2007 жылы мектептерде, колледжерде және университеттерде экстремизмнің таралуына қарсы күрес жөнінде директива қабылданды. Ғаламтор кеңістігіне ерекше назар аударылып, ондағы радикалдандыру әрекеттері мұқият қадағаланды. Құқық қорғау органдары экстремистік қауымдастықтарына қарсы нүктелік әр түрлі іс-шараларын жүргізеді. Қоғамда

маңызды рөл атқарады. Олар күдікті адамдар туралы Суррей графығындағы арнайы порталдар арқылы хабарлайды. Құқық қорғау органдарына қауіп төнуі мүмкін деректер бойынша жедел әрекет етуге көмектеседі [55].

Ұлыбританияда білім беріп оқыту мекемелеріне діни білімді беруге ерекше көңіл бөледі. Зерттеуші Л.Гиронның пікірінше «Оқушыларға әр түрлі діни дәстүрлерді түсіндіру қалыптастыру қажет, қоғамдық қауіпсіздікті арттырудың негізгі құралына айналады, төзімділікті дамытуға және радикалданудың алдын алуға ықпал етеді. Дінді тек оқудан бөлек, әртүрлі діндерге құрметпен қарауға және әлеуметтік бірлікті нығайтады. Этикалық құндылықтарды тәрбиелеуге баса назар аударылады. Мектептер, колледждерінде діни білім оқу бағдармаларына әр түрлі мәдениет және дін өкілдері арасындағы диалогты қалыптастырады» деп өз еңбектерінде жазған.

Ғалым Л.Гирондіни негіздегі қақтығыстар қаупін азайтады, экстремизмнің алдын алу үшін негіз қалайды. Себебі кәмелетке толмағандар радикалды идеяларды сыни тұрғыдан талдауды және құрметтеуді үйренеді деп санайды.

Сонымен қатар, діни білім беру бағдарламалары әлеуметтік мәселелерді талқылаумен қатар жүргендіктен оқушылардың көпмәдениетті қоғамның күрделілігін жақсы түсінуге және радикалдық әрекеттерге қарсы тұруға мүмкіндік береді» [56].

Ал зерттеуші Д.Моули өз еңбектерінде «жалпы діни білім маңызын талдау, дүниетанымды қалыптастыруға және әлеуметтік бірлікті нығайтуға рөлі маңызды екендігін» атап көрсетті. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиға діни білімді және оны оқыту әдістерін қайта қарауға түрткі болды. Д.Моулидің пікірінше «білім беру бағдарламаларында төзімділікті, мәдениетттер арасындағы өзара түсіністікті, сыни ойлауды күшейту қажетілігін айтты. Жекелеген діни доктриналарды тар шеңберде оқудың орнына, ол оқушылардың діни, мәдени айырмашылықтарды талдау қабілетіктерін дамытуға, қоғамға әсерін түсінуге баса назар аударып оқытуды ұсынды.

Оның ойынша бұндай тәсілдер радикалданудың алдын алуға көмектеседі және әртүрлі діндерге құрметпен қарауды қалыптастырады дейді. Д.Моули кез келген кәмелетке толмағанды оқыту әдістемесі қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделуі керек екенін атап өтеді, мысалы этикалық, мәселелерді талдау, діндер арасындағы диалог және діндердің тарихи контексті қамтылуы тиіс.

Оқушыларға әр түрлі конфенссиялар туралы білім алуға ғана емес, сонымен қатар жаһандану және этносаралық байланыстардың артуы жағдайында өте маңызды болып табылатын көпмәдениетті ортада сындарлы өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді» [57].

Діни экстремизмнің таралуына қарсы күресте ең маңызды бағыттардың бірі-жастар мен мектеп оқушылары арасында радикализацияның алдын алуға бағытталған профилактикалыұқ жұмыстарды атап өткен жөн. Жұмыстың маңыздылығы бөлігі ғаламтор мен әлеуметтік желілер арқылы белгілерін ерте анықтау. Осы мақсатта Ұлыбританияда 2015 жылдан бастап, білім беру мекемелеріне міндетті шара енгізілді.

Атап айтқанда мектептер оқушылардың онлайн белсенділігін жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық жасақтаманы қолдануға тиіс деп көрсеткен. Мұндай бағдарламалар іздеу сұрауларын, кілт сөздерді және ғаламтордағы мінез құлықты талдайды.

Экстремистік насихат немесе террористік ұйымдардың қызметіне тән терминдерді сөздерді тақырыптарды анықтайды. Бұл әрекеттер жасөспірімдердің экстремистіктерге тартылмау және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту мақсатында әлеуметті қауіптерді ерте анықтауға бағытталған деген мағынада қарастырған [58].

Англия, Уэльс және Шотландиядағы мемлекеттік мектептерде діни білім беруді міндетті оқу бағдарламасының бірі болып табылады.

Сонымен қатар Солтүстік Ирландияда оқыту ерекшеліктері бар. Оқушыларды әлімдік деңгейдегі діндерді оқыту яғни христиан, ислам, иудизм, буддизм, сикхизм және басқада діндерді таныстыруға бағытталған. Діни дәстүрлер туралы білім беру емес, білім берудің бастапқы мақсаты кәмелетке толмағандарды мәдени әртүрлілікті түсінуді қалыптастыру, әртүрлі дін өкілдеріне төзімділік және құрмет таныту болып табылады.

Англия, Уэльс және Шотландияда мемлекеттерінде діни білім беру заңды түрде бекітілген. Сабақта дінің тарихи, дәстүрлері және мәдени маңызы туралы оқытады. Христиандық дінге басты назар аударылады. Себебі мемлекеттің тарихи және мәдени рөлін байланыстырады.

Бұдан әрі, мұнда бір дінді насихаттау емес, әртүрлі діндерді обьективті зерттеу, оқушылардың көпмәдениетті қоғамды жақсы түсінуіне мүмкіндік беру мақсат еткен. Діни білім берудің жалпы мақсатты діндер жіті білеулері үшін ақпарат беру, төзімділікті дамыту, сыни ойлауды дамыту және әлеуметтік саяси бірлікке ықпал ету кіреді.

Атап айтқанда білім беру департаментінің ұсыныстарын ескеріп, діни білім беру жоспарлары жергілікті деңгейде дайындалады. Англияда діни білім беру жөніндегі консультативтік комитеттер жоспарлардың мазмұнын жергілікті демографиялық және мәдени ерекшеліктеріне қарай анықтауға маңызды рөл атқарады.

Англия, Уэльс және Шотландияда мемлекеттерінде ата-ана балаларын діни білім беру пәнін олардың сенімдеріне және мүддесіне қайшы деп санаса оқудан босатуға заңды құқығы бар. Сабақтан босату толық немесе ішінара болуы мүмкін және мектептер мұндай оқушыларға басқа пәндерді ұсынуға міндетті. Заң тұрғысында мемлекеттің дін бостандығы мен жеке сенімдерді құрметтеуге ұмтылысын көрсетеді.

Солтүстік Ирландияда діни білім беру пәні міндетті. Бірақ аймақтың тарихи және әлеуметтік орнына байланысты ерекшеліктері бар. Оқыту бағдарламасында христиандықтағы католицизм, протестантизмнің тарихындағы маңызды рөлді және басқада әлемдік діндерді зерттеуді қамтиды (бейбіт өмір сүруге діни қақтығыстарды еңсеруге ерекше назар аударылады). Демек конфессияаралық шиеленістер тарихы аймақтар үшін өте маңызды.

2004 жылы Ұлыбританияда ішкі экстремизммен күресу жөніндегі Ұлттық үйлестіру орталығы құрылды. Аталған орган экстремистік әрекеттердің, әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіретін діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүргізуге күштерді үйлестіреді.

Орталық полиция, білім беру, жергілікті билік органдары және қоғамдық ұйымдармен өзара келісілген тығыз жұмыс істейді. Мектептердегі оқыту жоспарларында адам құқықтарын құрметтеу, радикалды идеологияларға сыни көзқарас таныту сияқты мәселелерді талқылауға негізделіп құрылған. Оқушылармен экстремистік идеяларына бой алдырмау дағдыларын дамыту мақсатында ықпал ететін элементтерді жиі талқылайды.

Ұлыбританиядағы діни білім беру қоғамда төзімділікті қалыптастыруға маңызды рөл атқарады. Ол оқушыларға діни және мәдени сәйкестіктің күрделілігін түсінуге көмектеседі. Мәдениетаралық диалог дағдыларын дамытады.

Жаһандану және мәдениеттің артуы әлеуметтік үйлесімді сақтау үшін өте маңызды. Діни білім беру оқушылардың діни және зайырлылық маңызы бар этикалық және философиялық мәселелерді талдауға көмектеседі. Азаматтық жауапкершілікті, дінаралық қақтығыстарды және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін түсінуді дамытады.

Діни білім беру оқушыларды діндермен таныстырып қана қоймай, қоғамды тәрбиелеу құралы болып табылады. Ол әлеуметтік бірлікке, радикализацияның алдын алуға және көпмәдениетті әлемде сүру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді [59].

Осы контексте Дэвид Викс есімді конфликтологтың қақтығыстарды шешу әдісіне назар аударған. Ол Лондонның әртүрлі діни сенімдегі кәмелетке толмағандардың топтары тұратын аудандардағы шиеленісті азайтуға маңызды рөл атқарды. Оның бастамасымен «Aik Saath» (хинди тілінде «бірге» деген мағына береді) ұйым құрылған. Ол ислам, христиан және басқа діндердің өкілдерін біріктірді. Бұл бастама шеңберінде конфессияаралық келіспеушіліктерді жеңуде маңызды қадам болды.

«Aik Saath» ұйымы Ұлыбританияның барлық аумақтарында әлеуметтік білім беруге белсенді жұмыс істейді. Осы бағдарлама мектеп оқушыларымен, студенттермен және жастар бірлестіктерінің мүшелерімен жұмыс істеуге бағытталған. Негізгі мақсат қақтығыстарды болдырмау, шешу әдістерін үйрету және сын-қатерлерді тиімді шеше алатын мамандарды дайындауды ұйымдастырады.

Діни мифтер мен стереотиптерді жоюға аударылады. Себебі негізсіз жайттар көбінесе түсінбеушілік пен шиеленістің көзі болып табылады. «Aik Saath» білім беру семинарлары, тренингтері және тәжірибелік сабақтары қақтығыс жағдайларын талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ұйым әр түрлі мәдениеттердің, діндердің өкілдері тәжірибе алмасып, өзара түсіністік орната алатын диалог алаңдарын құруға ықпал етеді. Мұндай тәсіл

қақтығыстарды болдырмаудан бөлек, Ұлыбританияда инклюзивті және үйлесімді қоғам қалыптастыруға септігін тигізеді [60].

Ұлыбританиямен солтүстік Ирландия біріккен корольдігімен экстремизмге қарсы саясатына талдау барысында радикализацияның және экстремизмнің алды алу стратегиясына (Prevent Strategy) ерекше назар аударған ғылыми жұмыстардан байқауға болады.

Ұлыбритания үкіметімен 2003 жылы бекітілген стратегия, 2015 жылғы «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы және қауіпсіздік туралы» Заңы, 2019 жылғы «Терроризмге қарсы іс-қимыл және Шекара қауіпсіздігі туралы» Заңы сияқты Парламент актілеріне сәйкес жаңартылған ұлттық антитеррорлық «Конкурс» стратегиясының төрт негізгі компонентерінің бірі болып табылады. Кәмелетке толмағандардың радикалдануын болдырмауға, олардың террористік әрекеттерге қатысуын немесе экстремистік идеологияларды, исламистік экстремизмді және басқа да радикалды көзқарастарды қолдауын алдын алуға бағытталған.

Заңды аспектіде бұл стратегия мемлекеттің адам құқықтарына араласуының пропорционалдылық принциптеріне сүйенеді. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен 1998 жылғы «Адам құқықтары туралы» Заңы арқылы ұлттық заңнамаға енгізілген Еуропалық адам құқықтары туралы конвенцияда бекітілген негізгі бостандықтарды сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтайды.

Аталған стратегия қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың, әсіресе мектептер, колледждер, университеттер сияқты білім беру мекемелерінің жергілікті нормативтік актілері мен саясаттарында өз жағасын және нақтылауын табады.

2015 жылғы «Терроризмге Қарсы іс-қимыл туралы және қауіпсіздік туралы» Заңына енгізілген 26-бөлімінің талаптарына сәйкес әзірленген бұл актілер радикалды діни және экстремистік идеологияның таралуына қарсы әкімшілік саясатты бейнелейді.

Атап айтқанда, білім беру мекемелері оқушылар, қызметкерлер арасында радикализацияны бақылайды. Алдын алу шараларын енгізуге, тәуекелдерді бағалауға, қызметкерлерді оқытуға және оқу процесіне экстремизмге қарсы бағдарламаларды біріктіруге міндетенеді.

Жергілікті органдар ұлттық стратегияның аумақтық ерекшеліктеріне бейімделіп, орталық еместік түрде іске асыруды қамтамасыз етеді. Халықаралық құқықтағы алдын алудағы әділеттілік принциптеріне, БҰҰ адам құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарына сәйкес ерте кезеңдегі алдын алу маңыздылығын баса көрсетеді.

Стратегияны іске асырудың бастапқы кезеңіндегі негізгі механизмдердің бірі-үй кеңсесі жарияланған арналар мен алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсыныстары сияқты ресми нұсқаулықтармен ретелетін «Channel» халықаралық бағдарламасы. Бағдарламаның мәні жергілікті құқық қорғау органдары (полиция мен қауіпсіздік қызметтерін қоса алғанда), жергілікті өзін-өзі басқару органдары және жергілікті қоғамдастықтардың, мұсылман

қауымдарының өкілдері арасында серіктестік қатынастарды қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама исламдық экстремизмнің немесе басқа радикализация формаларының ықпалына ұшырау қаупі бар индивидтерді анықтауға бағытталған. «Channel» бағдарламасы ерікті қатысу және құпиялылық принциптеріне негізделген. Бұл 2018 жылғы «Деректерді қорғау туралы» Заңы және жалпы деректерді қорғау регламентіне сәйкес жеке деректерді қорғау принциптеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Процесс тәуекелдерді бағалаудың бірнеше деңгейін қамтиды; бастапқы рефералдан бастап, жекелендірілген қолдау жоспарлары әзірленетін мультиагенттік панельдердің отырыстарына дейін қамтыған [61].

Алайда радикалды діни көзқарастарға бейімділігін ерте анықтауға және алдын алуға бағытталған стратегиясы Ұлыбританиядағы мұсылман қауымдастығы тарапынан негізделген сынға ұшырауда. Атап өткенде кәмелетке толмағандарды тәрбиелеп отырған кейбір отбасыларда діни радикализация және экстремизм мәселелеріне қатысты сұрақтарды талқылауда айқын сақтық байқалады.

Бұндай ұстамдылық кәмелетке толмағандардың білім беру ортасында айтқан сөздері мұғалімдер немесе мектеп мекемедерінің басқа өкілдері тарапынан дұрыс түсіндірілмеуі мүмкін деген қауппен байланысты.

Кәмелетке толмағандардың ниеттері мен сөздерінің қате түсіндірілу қаупін тудырады. Негізсіз күдік пен стигматизацияға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, қауіп қатер отбасылардағы маңызды әлеуметтік және діни мәселелер бойынша ашық диалогты шектейді. Кәмелетке толмағандардың радикализацияның салдары туралы сыни ойлау қабілеті мен хабардарлығын қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін деп есептейді [62].

Ұлыбританияның ұлттық мұғалімдер одағы мектептегі білім беру аясында діни экстремизм мәселелерін талқылаудың маңыздылығын бақылауға алған. Одақ өкілдерінің пікірінше, мектептер кәмелетке толмағандар арасында радикалды идеялардың таралуын болдырмау үшін арнайы білім беру бағдарламалары мен диалогтар арқылы атқаруы тиіс деп есептейді.

Мұндай тәсілдің сәтті жүзеге асырылуы Портсмут қаласында өткенін атап өтуге болады. Діни радикализмге қарсы күрес тақырыбындағы сабақтарды ұйымдастырылуында білім беру мекемелерімен полиция арасында тығыз ынтымақтастық орнатылғаны аңғарылады. Портсмут қаласының жергілікті билік өкілдерінің азия мен таяу шығыс аймақтарындағы жиһадшы топтарға қатысатын адамдарды (діни экстремизммен байланысы бар) анықтаудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, аймақтың географиялық орналасуы әртүрлі әлемдік дәстүрлердің мәдени құндылықтарын сіңіріп, өзіндік сана-сезімнің бірегей әдет-ғұрыптарды қалыптастыруға мүмкіндік берген. Өз кезегінде конфессияаралық өзара іс-қимыл тетіктерінің негізін қалауға ықпал етеді [63].

1995 жылы ҚР тұңғыш президентінің ұсынысы бойынша «Қазақстан халықтары ассамблеясы» құрылды. Оның басты міндетіне ел ішіндегі ұлттар, дін өкілдері арасындағы татулықты, қоғамдағы тұрақтылықты қолдау, азаматтардың демократиялық, өркениетті қағидаттарға сүйенген саяси санасын дамыту, рухани тұтастық ұғымын кеңінен тарату, халықтар арасындағы достастықты бекемдеу, халықтың мәдени мұрасын, тілін, салт-дәстүрін жан-жақты өркендету, мемлекеттің ұлт саясатында әр түрлі мүдделерін ескеріп отыру, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу үшін ымыралы шешімдер табу.

Қазақстан мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынастың бірегей үлгісін жасады, ол түсіністік пен мүдделер тепе-теңдігінің әмбебап қағидаларына негізделген. Қазіргі әлемдегі конфессиялық және этностық қақтығыстарға толы күрделі жағдайларда аса маңызды рөл атқарады. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан өзін зайырлы мемлекет ретінде айқындап, діни саясаттың алғашқы қадамы ретінде сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға бағытталған заңнамалық ортаны қалыптастырады [64].

Бұдан әрі 1992 жылдың қаңтарында «Сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданған. Оны әзірлеуге мемлекет аумағында қызмет еткен барлық діни ұйымдардың өкілдері қатысты. Нәтижесінде дін еркіндігінің ең берік негізі қаланды.

Қазақстаның діни саладағы заңнамасы халықаралық сарапшылар тарапынан посткеңестіктегі ең демократиялық үлгі деп танылды. Бұндай жағдай дәстүрлі емес діни ағымдардың елге енуіне жол тапқан.

Уақыт өте келе осы салада алаңдатарлық үрдіс байқала бастады. Ислам атын жамылған радикалды және экстремистік идеологияның таралуы. ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметі бойынша өздерін тәжірибелі мұсылман деп есептейтіндердің саны жыл сайын өсуде.

Исламдық құндылықтар қоғам өмірінің көптеген саласына еніп, діни киімді ашық кию, медициналық рәсімдерден бас тарту, некені ресми тіркеусіз діни жоралғы бойынша қию сияқты құбылыстар арқылы көрініс табады. Мұның бәрі қоғамды исламдық идеяға батыру үрдісін күшейтіп, мемлекеттік және қоғамдық өмірде зайырлылық пен діни қағидаттар арасында жасанды шекаралар қалыптастырған.

Ерекше алаңдатушылық тудыратын-радикалды діни ағымдардың белсенділігі, олардың жақтастарының саны жыл сайын артып келеді. Оларды ұлттық дәстүрлерді мойындамайды және өздерін қоғамнан бөлек ұстайды. Қазақстан аумағындағы соңғы террористік актілердің ұйымдастырушылары, орындаушылары мен қатысушылары, сондай-ақ Ауғанистан, Ирак және Сириядағы қарулы қақтығыстарға қатысқандар осы ағымның өкілдері болып табылады. Ресми деректерге сәйкес, 2016 жылы Сирия мен Ирактағы мүшелері қатарында шамамен 200 қазақстандық болған.

Солтүстік Кавказ бен Орталық Азия елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, радикалды ислам ағымдарының енуі мен дамуын үш негізгі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңде шетелдік уағыздаушылар мен ғалымдар жергілікті жастарды негізгі діни қағидаларының ерекше түсіндірмесіне үйретеді. Осы арқылы олар ресми немесе жасырын оқу орындарының желісін, баспа жүйесін құрып, мұны жергілікті ізбасарларға табыстайды.

Екінші кезеңде ізбасарлар салыстырмалы тыныш қоғамда өз идеяларын ұзақ әрі қарқынды насихаттайды.

Үшінші кезеңде жақтастарының саны едәуір өскенде, бұл топтар жүйе мен биліктің кемшіліктеріне қарсы белсенді әрекеттердің қажеттілігін айта бастайды.

Аталған мәселені дер кезінде алдын алмау, кәмелетке толмағандардың радикалды деструктивті ағымдардың экстремистік қызметіне тартылуына мүмкіншілік береді. Экстремистік қызметіне бой ұсынған кәмелетке толмағандарды, радикалды топ мүшелері өз пайдаларындағы мақсаттарына жету үшін кез келген қылмыстық құқықбұзушылыққа итермелейді. Мұндай жағдай кәмелетке толмағандардың әлеуметтік тұрақтылығына ауыр салдарын тигізеді [65].

Осы ретте дұрыс құқықтық бағалау, дәлелдеу, экстремисттік қызметті енгені және жәрдем көрсеткені үшін жауапкершілік саясатын жүйелеу және құқықбұзушылық норманы құру үшін ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл» Заңына толықтырулар енгізу қажетілігі айқындалады [2].

Субьектілердің өзара іс-қимыл тетіктері ретінде жүйенің тиімділігін арттырудың негізгі факторы-үйлестіру, ақпарат алмасу және бірлескен жоспарлау қағидаттарына негізделген субьектілер арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Зайырлы мемлекет деген ұғым мүлде атеистік мемлекет дегенді білдірмейді. Зайырлылық мемлекеттік әртүрлі діндерге қатысты бейтараптығын, яғни діннің болмысын теріске шығару, оны қоғамдық және білім беру саласынан ығыстырып шығаруды емес, теңдік пен бейтараптылықты білдіреді.

Қорытындылай келе Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы діни радикализмді болдырмаудың тиімділігін көтеру субьектілердің келісілген бірлескен әрекетіне, мәліметтерді тез алмастыруға және ортақ жоспар құруға тікелей байланысты. Елдің мемлекеттік бағытына сай ведомствоаралық топтар, жалпы ақпарат базалары, бірлескен оқыту шаралары, пікірталас алаңдары мен мәдени-спорттық бастамалар арқылы іске асатын бұл жүйе ортақ ақпарат ортасын құрып, қауіп қатерлерге жылдам әрекет етуді қамтиды.

1. ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабының 15-3 бөлігі ретінде енгізуге ұсынылады:

«Өңірдің діни ахуалын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, кәмелетке толмағандар арасындағы радикалдану тәуекелдерін, ғаламтор кеңістігіндегі

деструктивті конценттің таралуын ескере отырып, білім беру ұйымдарымен, құқық қорғау органдарымен, дін істер жөніндегі құрылымдармен, қоғамдық және діни бірлестіктермен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі өңірлік жоспарларды әзірлейді және іске асырады» деген сөйлемді енгізуді [43];

Қорытынды, Қазақстанның рухани өмірінде діннің қоғамдағы орнының өзгергенін айқын көрсететін жаңа үрдістер айқын байқалады. Олардың ішінде мыналарды атап өткенде сенушілер санының және діни бірлестіктердің күрт өсуі, бұрын болмаған жаңа конфессиялардың пайда болуы, конфессияаралық қатынастардың күрделенуі, дәстүрлі діни институттардың қызмет аясының кеңеюі және олардың әлеуметтік функцияларының артуы, халықтың кең топтарының діни ықпалға анағұрлым сезімтал бола түсуі.

Діни экстремизмінің таралуына қарсы күрес аясында саяси-құқықтық шаралармен қоса алғанда кәмелетке толмағандар арасындағы идеологиялық саясатын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары және басқада ұйымдардың кадрлық әлеуетін мақсатты түрде дамыту ерекше маңызды.

Осылайша, кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, жоғарыда аталған бағдарламалық-мақсаттық бағыттарды дәйекті жүзеге асыру қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтандырудың және жас ұрпақтың радикалдануына алдын алуға қарсы тұру маңызды.

2.2 Құқық қолдану практикасын талдау және алдын алу шараларын іске асырудағы проблемаларды анықтау.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап, құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде дамып келеді. Азаматтардың сенім бостандығын қамтамасыз ететін берік саяси-құқықтық негіздер қалыптастырады.

Мемлекет аумағында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алыдн алу практикасы үкіметтің саясатының маңызды бөлігі. Кәмелетке толмағандар арасындағы заң бұзушылық он сегіз жасқа толмаған тұлғалармен теріс, қоғамға қарсы, заңға қайшы әрекеттердің жиынтығы.

Қоғамның ашықтығы мен діни саладағы либералды саясат жағдайында соңғы онжылдықтарда қазақстанда әртүрлі дәстүрден тыс діни ағымдар белсенді түрде тарала бастады. Деструктивті және тоталитарлық сипаттағы, өздерінің нанымдарын діни ілім ретінде жасыратын ұйымдар да кездеседі. Мұндай ұйымдардың әрекеті қоғамда және мемлекет тарапынан орынды алаңдатушылық пен сынға ұшырайды [66].

Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды құқықтық реттеудің қалыптасуы 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басындағы кезеңге жатады. Елдің тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Тиісті нормалар мен институттардың негізгі 1993 жылғы 28 қаңтардағы қабылданған алғашқы Конституциясынан

бұрын қалыптаса бастаған. Конституция мемлекеттің зайырлы сипатын алғаш рет жоғары заңнамалық деңгейде бекітілген.

Құқық тәртібін, қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер мемлекеттің тұрақты дамуына елеулі кедергі болуы мүмкін, заң үстемдігі қағидатына нұқсан келтіретін факторларға талдау жұмыстары жүргізіліп, ҚР Үкіметінің 2023 жылдың 29 желтоқсанында №1233 қаулысымен «Қоғамдық қауіпсіздік қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз ету» тақырыбында 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекітіліп, тиісті іс-шаралар ұйымдастырылып атқарылуда.

Тұжырымдаманың кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қарастырылып, оң нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағыталған бөлігінде жалпы тәртіп бұзушылықтың алдын алу кәмелетке толмағандардың азаматтық-патриоттық тәрбие беру, құқықтық салауаттылығын артыруға, құқыққа қарсы әрекетке және жастарды діни экстремистік сипаттағы топтарға тартылуына төзбеушілікті дамытуға бағытталған қосымша білім берудің қолжетімді бағдарламалардың жоқтығы жайында көрсетілген [67].

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127 бабы «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу, білім беру, оның құқықтарын және мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамау» деп танылады.

Баптың үшінші бөлімінде кәмелетке толмағанның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі немес психотроптық заттарды тұтынуына, қаңғыбастыққа немесе қайыршылыққа, не қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына әкеп соқса (ата-ана, заңды өкілі, педагог немесе тиісті ұйым қызметкері тарапынан) жиырма АЕК мөлшерінде айыпұл не он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу қарастырылған.

Бұл бап ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдерінің (кей жағдайларда педагогтар, білім беру) кәмелетке толмаған балаларға қатысты заңмен жүктелген міндеттерін орындамағандары үшін әкімшілік жауаптылықты белгілейді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша шетел мемлекеттерінің зертеушілерінің ой-пікірлеріне және ол радикаланудың алдын алуға қандай іс-шараларды атқарып жатқандығына байланысты жазған материалдарына шолу жүргізілді. Мақсатты балалардың құқықтарын, қауіпсіздігін, дені дамуын қорғау, отбасылық тәрбиенің мемлекеттік стандарттарын қамтамасыз ету болып табылады [38].

Сонымен қатар, «Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы» Заңының 1-бабының 12-тармағында баланың заңды өкілдеріне балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар, бала асырап алушылар, қорғанушы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана, баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиеші, патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар жатады [26].

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 жетоқсандағы №45/113 Қарарында «БҰҰ бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарға қатысты» Ережесінің 48 бөлімінде Әрбір кәмелетке толмаған құқық бұзушыға өзінің діни және рухани өміріне қатысты қажеттерін өтеуіне рұқсат берілген дұрыс, әсіресе атап айтар болсақ, діни жиналыстарға, қызметтерге қатысуға, діни кітаптар оқуға, діни заттарды пайдалануға, діни білім алуға рұқсат етілуі тиіс. Сонымен қатар егерде дінді ұстанатын діннің қызметкерлерін тұрақты түрде жіберіп, діни қызмет көрсетуді ұйымдастырылуы қажет деп көрсетілген [68].

Сонымен қатар, ҚР Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы №385 Жарлығы негізінде «Кәмелетке толмағандар істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттары құру туралы» мамандандырылған сот жүйесі жұмысын іске асыруда.

Аталған сот органына ҚР Заңнамалық актілеріне сайкес кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді және олардың мүдделерін қозғайтын азаматтық істерді қарауға уәкілеттілік берілген [69].

Бұдан басқа, БҰҰ БА 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №45/112 қарары «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерліктің алдын алу үшін БҰҰ жетекші принциптері (Эр-Риядада қабылданған жетекші принциптер)» туралы қарарында 1 бөлімінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тиімді болуы үшін, олардың тұлғаларын құрметтеп, ерте жастан бастап оның қалыптасуын ынталандыру арқасында жасөспірімдердің үйлесімді дамуын қалыптастыру мақсатында тұтастай қоғамның күші салынуы керектігі туралы мәлімделген.

Сондай-ақ жетекші принциптерді талқылау мақсатында балалардың қажетіліктеріне бағдарлау жүргізілу керек. Жастар қоғамда белсенді рөл атқарып, оның толыққанды мүшелері болуы керек және тек қана қоғамдағы өмірге немесе қадағалауға дайындық нысандары қаралмауы керек [70].

Шетелдік яғни, Солтүстік Америкада орналасқан Канада мемлекеттінің аумағында орналасқан «Макгилл» университетінің зертеуші, профессор Даниэль Серенің пікірінше «діни экстремизмнің дамуы өсіп келе жатқан жастар терроризмнің жоғарғы сатысы, олардың радикалдануына дейін діни экстремизмге сыни тұрғыда қарсы тұру үшін қоғамдастықтың және ата-аналармен ынтымақтасуы керек. Алайда, экстремистік ұстанымдар қалыптасқаннан кейін терроризмге қарсы іс-қимыл күрделі идеологияларды деконструкциялауды көздейтін ұзақ мерзімді процесс болып табылады деп санайды» [56].

Ресей мемлекеттінің ғалымы В.Л.Даниловтың пікірінше «Қазақстандағы қазіргі діни ахуал – Ресейдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер» атты мақаласында атап көрсетілген. Сенім бостандығы саласындағы демократиялық еркіндіктер исламдық экстремизм сияқты әлеуметтік қауіпке қарсы уақтылы заңнамалық шаралардың қабылданбауынан орын алды. Мұның себебі Қазақстан аумағында

экстремистік бағыттағы ұйымдар мен қозғалыстардың пайда болуын жоққа шығаратын ұстанымы болды.

Мұндай ұстаным экстремизм мен терроризмнің Қазақстан үшін мүлдем бөгде құбылыстар екенін, олардың жерінде тамыр жаю мүмкіндігі жоқтығы туралы бұрыс пікірінде негізделді. Дегенмен, мемлекеттегі діни ахуалдың одан әрі дамуы мұндай тұжырымның қаншалықты қате екенін растады» [71].

Өтпелі кезеңдерде діни өмірге толық әкімшілік бақылау жүргізген кеңестік жүйеден бас тарту және ар-ождан мен сенім бостандығының конститутциялық кепілдіктерін біртіндеп орнықтыру жүзеге асырылды. Дәл осы конститутцияға дейінгі кезеңде (1991-1993 жж.) алғашқы нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, институтционалдық тетіктер құрылды. Олар қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының қазіргі моделінің негізін қалады.

1999 жылы ҚР дін саласында мемлекеттік заңнаманың дамуындағы бетбұрыс кезеңі болды. Себебі 16 ақпанда Ташкентте бірқатар лаңкестік актілер орын алды. Қаланың әртүрлі аудандарында алты жарылыс құрылғысы іске қосылды. Лаңкестердің негізгі нысанасы Өзбекстан Республикасының Президенті И.Каримовтің сөз сөйлеуі жоспарланған үкіметтік ғимараттар болды. Қылмысты «Хизбут - Тахрир» және «Өзбекстанның ислам қоғалысы» сияқты радикалды исламистік топтары жасаған. Лаңкестер елден еш кедергісіз кетіп үлгерген. Өзбекстанның құқық қорғау органдарының қызметкерлері Қазақстанның оңтүстік аймақтарында іс-шаралар жүргізу барысында лаңкестік әрекеттерге қатысы бар күдіктілерді құрықтады.

Күдіктілердің ұсталуы және кейіннен ӨР экстрадицияланауы Қазақстан билігін исламдық экстремизм мен терроризм идеяларының ел аумағында таралу мүмкіндігі туралы бұрыңғы ұстанымын қайта қарауға мәжбүр етті.

Осы оқиғалардан кейін 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданды. Құжат терроризмнен байланысты барлық аспектілерді қамтуға тырысты. Заңның 1 бапта заңда қолданылатын негізгі ұғымдар - кепілге алынған адам, зорлық-зомбылық идеологиялық терроризм, террористік акт, террористік материалдар және т.б. айқындалды.

Сонымен қатар, 7 бапта терроризмге қарсы күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың (ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, Қорғаныс министрлігі және басқалар) құзыреті көрсетілді. Заңның 4 тарауы террористік қызметтің алдын алу, анықтау және тоқтатуға арналды.

Атап айтқанда 10-бап терроризмді насихаттауды, ал 10-4-бап Қазақстан аумағында террористік материалдарды әкелуді, басып шығаруды, дайындауды және таратуды тыйым салды. Ерекше назар аударалық 12-1-бап террористік деп танылған ұйымдар мен ақпараттық материалдардың есебін жүргізуді реттеді.

Осыған сәйкес елде сот шешімімен террористік деп танылған ұйымдардың тізімі және ақпараттық материалдардың тізімі құрылды. Ақырында 20-21 баптар азаматтардың террористік қызметке қатысуы үшін, ең алдымен қылмыстық жауапкершілікті белгіледі [72].

2000 жылғы 10 ақпанда ҚР Президентінің №322 Жарлығы «Терроризм мен экстремизм көріністерін ескерту және жолын кесу жөніндегі шаралар туралы» бұрын қабылданған заңға толықтыру ретінде шығарылды. Құжатта келесі мәтінді міндеттеді;

- ҚР Үкіметі халықаралық терроризмге қарсы конвенцияларға қосылу мүмкіндігін зерделеді. Сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес барысында тәжірибе алмасуда және осы салада жеткілікті тәжірибесі бар мемлекеттермен кадрлар даярлаудағы екі жақты немесе көпжақты келісімдер жасасу;

- Мәдениет, ақпарат, қоғамдық келісім министрлігі діни бірлестіктердің қызметін тұрақты бақылауды және Қазақстан аумағында таратылатын барлық басылымдарға дінтанушылық сараптама жүргізу;

- ҰҚК экстремизм мен терроризмге қарсы күресте барлық мемлекеттік органдардың күш-жігерін үйлестіру.

Демек, бұл № 322 Жарлық терроризммен қатар экстремизмді ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде ресми түрде айқындаған Қазақстанның алғашқы нормативтік-құқықтық актісі ретінде танылады.

Ғалымдар Т.Ж.Ғазизовтың және А.С.Суиновтардың пікірінше, «мемлекеттік органдар елдің діни ахуалын, әсіресе оңтүстік аймақтардағы үдерістерді терең талдау нәтижесінде радикалды ислам идеологиясының инфильтрациясын болдырмауға бағытталған превентивті саясатты іске қосты. Бірақта қол жеткізілген нәтижелер айтарлықтай болмаған.

Мемлекеттік институттардың радикалды ислам доктринасының экспансиясын, әсіресе 1990 жылдардан бастап, миссионерлік желілер арқылы салафиттік және өзге радикалды бағыттарды насихаттайтын діни микротоптар құрған оңтүстік өңірлердегі таралуын тежеу жөніндегі күш жігері тиісті тиімділікке ие болмады.

Исламдық экстремизмнің одан әрі кеңеюі және ықпалын күшейтуі осы құбылыспен құқықтық тетіктер арқылы күресуге арналған арнайы заң қабылауды обьективті қажеттілікке айналдырды. Бұл тұрғыда 2005 жылғы 18 ақпандағы ҚР №31-III «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы айтылады. Терроризмге қарсы заңнамадағы сияқты, заң шығарушы экстремизмнің барлық аспектілерін қамтуға ұмтылды.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған нормативтік актілерді тәжірибелік іске асыру үшін 2003 жылы ҚР ҰҚК ішінде Антитеррористік орталық құрылды. Екі жыл өткен соң 2005 жылы Әділет министрлігінің құрылымында діни бірлестіктерді тіркеу және діни сараптама жүргізу өкілеттіктері берілген Дін істері комитеті құрылды. «2011 жылға дейін «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы тәжірибеде тиімді қолданылмаған дейді» [72].

Мұндай категориялық тұжырым босқа айтылмаған. Отандық зерттеушілердің қорытындысына сәйкес 2011 жылдың 17 мамырдағы Ақтөбе қаласында болған террористік актімен расталады. Сол күні террористік Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің облыстық департаменті ғимаратының алдында жарылғыш құрылғыны іске қосты. Ғалым Н.Н.Рыжикиннің атап өткеніндей, «осы уақытқа дейін қазақстандық антитеррор моделі ең алдымен сыртқы қауіп-қатерлерді тойтаруға бағытталған еді.

Алайда өз еліне қарсы өз азаматы жасаған Ақтөбе теракінің нәтижесінде ел ішіндегі діни радикализм көріністерін алдын алу мен жолын кесудің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне қойылған».

2011 жылғы 17 мамырдағы теракт Қазақстан билігін діни заңнаманы қайта қарауға мәжбүр етті. Сол жылы 1 қыркүйекте тұңғыш президенті Н.Назарбаев діни құрылымдарға қадағалауды күшейтті. Нормативтік базаны түзету арқылы жүзеге асыруды ұсынған. Нәтижесінде 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл саладағы мемлекеттік реттеудің дамуындағы маңызды кезең болды.

Жаңашылдықтардың бірі ханафи бағытындағы ислам мен православиені ұлттың мәдени және рухани дамуында елеулі рөл атқарған конфессиялар ретінде ресми мойындау болып табылады. Тәжірибе дәстүрлі ислам сырттан келген радикалды ағымдардың кеңеюіне төтеп бере алмады.

Заң мәтінін зерделеу және оның іске асырылуын талдау уақытысында миссионерлік қызмет ережелері едәуір қатаңдатылған. Миссионерлерді республикалық аумағында жергілікті атқарушы органдарына міндетті тіркеу, барлық әдебиет, ақпараттық материалдар мен культтік заттарды алдын ала діни сараптамаға ұсыну, оларды пайдалану тек оң қорытынды алғаннан кейін ғана рұқсат етілген.

Мұндай материалдарды таратуға тек культік ғимараттарда, рухани оқу орындарында және жергілікті атқарушы органдар белгілеген стационарлық үй-жайларда ғана жол берілді. Діни әдебиетті шығару және тарату сараптаманың оң қорытындысын талап етті.

Мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынастарды реттейтін заңдардың қатаңдатылғаны байқалады. Дегенмен, нормативтік актінің практикалық тиімділігі төмен болып шықты. Билік діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресте тағы бір қадам жасады.

Діни саладағы шиеленістің күшеюі және Қазақстан аумағында экстремизм мен терроризмнің одан әрі таралу қаупті мүмкіндігін ескере отырып, ҚР Президенті 2013 жылғы 24 қыркүйектегі №648 жарлығымен 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты діни экстремизмнің көріністерін алдын алу және террористік қауіп-қатерлерді бейтараптандыру арқылы жеке тұлға, қоғам және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Үш негізгі міндет бөлінді.

Біріншісі қоғамда толерантты діни сана қалыптастыру және радикалды идеологияға төзімділікті арттыруға бағытталған тәжірибелік шараларды дамыту;

Екіншісі экстремистік және террористік көріністерді анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру, оның ішінде арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру;

Үшіншісі экстремистік және террористік әрекеттердің салдарын барынша азайту мен жою жүйесін оңтайландыру.

Құжатты талдау Қазақстан билігінің осы қауіп-қатерлерге қарсы бұрыңғы күш-жігерінң жеткіліксіздігін мойындағанын куәландырады. Діни ұйымдар ретінде жасырынған халықаралық радикалды құрылымдар қазақ қоғамына экстремистік көзқарастарды енгізуге белсенді талпынады. Олардың жеке азаматтардың санасына мақсатты әсері патриотизмнің, ұлттық сәйкестіктің, мәдени-адамгершілік және отбасылық құндылықтардың эрозиясына әкеледі [73].

Конститутциялық құрылыстың негіздерін бұзу мақсатында мұндай ұйымдар радикалды доктриналарды тарата отырып, қоғамға қарсы көңіл-күйлерді қоздырады және Қазақстан аумағында террористік актілер жоспарлайды.

Мемлекет тарапынан алдыңғы діни экстремизм мен терроризмге қарсы бағдарламаның нәтижелерін терең талдағанының тағы бір дәлелі осы идеологияның жылдам таралу себептерін мойындау ғана емес, сонымен қатар радикалды ислам идеяларының одан әрі дамуының себептерін жоюға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды қабылдау және іске асыру болып табылады [74].

Кәмелетке толмағандармен экстремистік-террористік қылмыстық-құқық бұзушылыққа жол берілуіне ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің «Қамқор» ақпараттық базасы арқылы соңғы үш жылға (2024-2026 жж.) статистикалық шолу жүргізу нәтижесінде ауыр санаттағы барлығы 11 қылмыстық іс тіркеліп, 12 тұлға жауапкершілікке тартылған (жастары 16 және 17).

2024 жылы аталған санат бойынша барлығы бес қылмыстық іс (256 б. - 4 іс, 405 б. - 1 іс) тіркелген, олар;

- Ақтөбе облысында - 2 іс (ҚК 256-бабымен 3 тұлға (2-уі 16 жаста, 1-уі 17 жаста));

- Атырау облысында - 2 іс (ҚК 256-бабымен 1 тұлға және ҚР ҚК 405-бабымен 1 іс (екеуіде 17 жаста));

- Қарағанды облысында - 1 іс (ҚК 256-бабымен, 16 жаста).

Барлығы Ұлттық қауіпсіздік камитетімен анықталып, тергелген.

2025 жылы барлығы алты қылмыстық іс тіркелген, олар;

- Ақтөбе облысында - 3 іс (ҚК 256-бабымен 2 тұлға (16, 17 жаста, ҚК 174 бабымен 1 тұлға, 17 жаста);

- Атырау облысында - 1 іс (ҚК 405-бабымен 1 тұлға 17 жаста);

- Шығыс Қазақстан облысында - 1 іс (ҚК 174-бабымен, 16 жаста);

Аталған істер ІІО қызметкерлерімен жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу аясында анықталған.

- Астана қаласында - 1 іс (ҚК 256-бабымен, 16 жаста) бұл дерек ҰҚК органымен анықталған.

Ал 2026 жылдың үш ай қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты экстремистік және террористік бағыттағы құқық бұзушылықтар тіркелмеген. Орын алған барлық деректер бойынша қылмыстық істер сот органдарына жолданған.

Мысалы, 2025 жылдың 14 наурызында Ақтөбе қаласының тұрғыны, кәмелетке толмаған Т.Жұмабаевтың террористік әрекеттер жасауға әрекеттенгені анықталған. Тергеу қорытындысымен ҚР ҚК 256-бабының 1-бөлігімен сотқа жолданған. Сот үкімімен Т.Жұмабаевқа 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек кәмелетке толмағандар арасындағы экстремистік және террористік қылмыстардың тұрақтылығы (жылына кем дегенде бес іс тіркелген) байқалады. Олардың негізінен 16-17 жастағы жасөспірімдерге тән екенін көрсетеді. Бұл деректер қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу шараларды күшейтудің және кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттырудың маңыздылығын айқындайды [75].

Әрі қарай, Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизм мен терроримзнің идеологиясының таралуына қарсы тұру мақсатында мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарламалар жасалған. Білім беру ұйымдарында ақпараттық түсіндіру жұмыстары, семинарлар, теологтармен құқық қорғау органдарының кездесулері және онлайн-кеңістікте үгіт-насихат тұрақты түрде орындалуда. Бірақта іс-шаралар іс жүзінде бірқатар жүйелі проблемалар бар.

Қазіргі уақытта, құқық қорғау, жергілікті атқару органдары, білім беру мекемелерінің жәни діни бірлестіктер тарапынан кәмелетке толмағандар арасынағы діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған бағдарламалар жүргізілуде. Дегенмен, Республика аумағында кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуға, ескертуге арнайы бірыңғай түсіндірмелі жадынама әзірленбеген. Осы кемшілікті жою үшін стандартталған жадынама әзірлеу қажет етеді.

Мемлекеттік саясатына сайкес, өзара іс-қимыл ведомствоаралық комиссиялар құру, бірлескен іс-шаралар өткізу, бірыңғай ақпараттық ресурстар әзірлеу және профилактикалық шаралардың тиімділігін бақылау арқылы жүзеге асырылады. Бұл бірыңғай Субьектілердің өзара іс-қимылын жақсарту үшін, ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға және діни экстремизм қатерлеріне жедел ден қоюға ұсыныс;

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремистік радикалдану белгілерін ерте анықтауға, діни идеологияға тартудың алдын алуға, жеке профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға арналған жадынама әзірлеп, Экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлімдерінің практикалық қызметіне енгізу.

Аталған жадынама кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған әрекеттерді жүргізуді ұйымдастыру барысында бір ізгілікті қамтамасыз етуге пайдаланатын материал болып табылады.

Қорытынды, Мемлекеттің негізгі даму бағыттарында кәсіби кадрларды мақсатты түрде дамыту, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жас ұрпақтың радикалдануы мен криминалдануын ескерту, сондай-ақ қоғамдық келісімді, ұлтаралық тұрақтылықты нығайтудың негізгі құқықтық және ұйымдастырушылық құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекетпен қабылданған бағдарламаларда профилактикалық жұмыстың теориялық негізі бар, оларды іске асыр барысында ведомствоаралық үйлестірудің әлсіздігі, қайталанатын іс-шаралардың формальді сипаты, нәтижелерді бағалаудың обьективті критерийлерінің жоқтығы байқалады.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін, қоғамдық келісімін және болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып қала береді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу құқық қорғау органдарының жазалау және бақылауымен ғана шектелмеуі тиіс. Аталған бағыттағы жұмыстың тиімділігі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, дін істері, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының, қоғамдық бірлестіктердің, ата-аналардың және психологтардың және теологтардың ортақ келісілген өз ара іс-қимылы негізінде орындалуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген талдау кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу мәселесі ҚР ұлттық қауіпсіздігі, қоғамдық тұрақтылығы, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және баланың құқықтарын қорғау жүйесімен тікелей байланысты екенін жеткізеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлы, құқықтық және демократиялық мемлекет ретінде азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық вакум қалыптастырды.

Діни саладағы алғашқы либералды саясат дәстүрден тыс діни ағымдардың және радикалды ұйымдардың жағдай туғызғаны көрінеді. Сондай-ақ, ғылыми қауымдастықта алдын алу әдістремелері бойынша бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Бұл іс-шаралардың ғылыми негізделуін әлсіретеді.

Кәмелетке толмағанадар арасында аталған проблеманың алдын алу бойынша әр түрлі кешенді іс-шаралар атқарылып жатқанымен, әлгі күнге дейін олардың арасында қылмыстық құқық бұзушылыққа жол берілу деректері анықталуда. Осы проблеманың түпкілікті жоюға бағыталған әрі қарай тұрақты түрде профилактикалық жұмыстарды күшейтілген түрде жүргізу қажет.

Діни экстремизмнің кәмелетке толмағандар арасында таралуына бір қатар деректердің әсер еткені анықталды. Діни сауатылықтың төмендігі отбасылық бақылаудың әлсіздігі, ғаламтор арқылы радикалды контентердің таралуы, психологиялық тұрақсыздығы және діни ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етілмегені аңғаруға болады.

Жалпы жұмыстар орындалуда. Бірақта діни экстремистік сипаттары бар кәмелетке толмағандарды ерте анықтау педагогикалық сүйемелдеу, ата-аналармен заңды өкілдердің жауапкершілігін нақтылау, білім беру ұйымдарының әрекет ету мәселелері толық регламенттелмеген.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алуға тиімді болуы үшін жазалау шаралары жеткіліксіз. Негізгі бағыт ерте анықтау, отбасымен жұмыс, құқықтық, діни сауатылықты арттыру, ғаламторды пайдалану уақытысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қорғауға назар аудару қажет.

Атқарылған іс-шаралар кәмелетке толмағандардың радикалды идеология қаупін төмендетіп, қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның рухани өмірінде діннің қоғамдағы орнының өзгергенін айқын көрсететін жаңа үрдістер айқын байқалады. Олардың ішінде мыналарды атап өткенде сенушілер санының және діни бірлестіктердің күрт өсуі, бұрын болмаған жаңа конфессиялардың пайда болуы, конфессияаралық қатынастардың күрделенуі, дәстүрлі діни институттардың қызмет аясының кеңеюі және олардың әлеуметтік функцияларының артуы, халықтың кең топтарының діни ықпалға анағұрлым сезімтал бола түсуі.

Діни экстремизмінің таралуына қарсы күрес аясында саяси-құқықтық шаралармен қоса алғанда кәмелетке толмағандар арасындағы идеологиялық

саясатын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары және басқада ұйымдардың кадрлық әлеуетін мақсатты түрде дамыту ерекше маңызды.

Осылайша, кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, жоғарыда аталған бағдарламалық-мақсаттық бағыттарды дәйекті жүзеге асыру қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтандырудың және жас ұрпақтың радикалдануына алдын алуға қарсы тұру маңызды.

Мемлекеттің негізгі даму бағыттарында кәсіби кадрларды мақсатты түрде дамыту, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жас ұрпақтың радикалдануы мен криминалдануын ескерту, сондай-ақ қоғамдық келісімді, ұлтаралық тұрақтылықты нығайтудың негізгі құқықтық және ұйымдастырушылық құралдарының бірі болып табылады.

Мемлекетпен қабылданған бағдарламаларда профилактикалық жұмыстың теориялық негізі бар, оларды іске асыр барысында ведомствоаралық үйлестірудің әлсіздігі, қайталанатын іс-шаралардың формальді сипаты, нәтижелерді бағалаудың обьективті критерийлерінің жоқтығы байқалады.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін, қоғамдық келісімін және болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып қала береді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу құқық қорғау органдарының жазалау және бақылауымен ғана шектелмеуі тиіс. Аталған бағыттағы жұмыстың тиімділігі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, дін істері, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының, қоғамдық бірлестіктердің, ата-аналардың және психологтардың және теологтардың ортақ келісілген өз ара іс-қимылы негізінде орындалуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 13.04.2026).
2 Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_ (жүгінген күні: 13.04.2026).
3 Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII ҚРЗ / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000245 (жүгінген күні: 13.04.2026).
4 Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы. Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм: 2024 жылдың 2 қыркүйегі, / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (жүгінген күні: 12.04.2026).
5 Назарбаев Н.А. «Критическое десятилетие» [учебник] - 480091. - Алматы, 2003 - 240 с.
6 Айтжанова Д.А. "Опыт европейских стран в противодействии религиозному экстремизму", Диссертация на соискание доктора юридических наук / Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан. - Астана, 2021. - 180 с.
7 Ланда Р. Г. Культурно-историческая почва исламского экстремизма // Исламский фактор в истории и современности / - Москва: , 2011 - 21-46 с.
8 Филипов О.В. Противодействие религиозному экстремизму в Республике казахстан: правовой аспект // Вестник, Омской православной духовной семинарий. - Омск:Философия, Этика, Религиоведение, 2022. - 67 с.
9 Қазіргі әлемдегі діни экстремизм: саясаттанулық талдау: Монография / Ш.М. Жандосова. - Жалпы ред. З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратов. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. - 188 б.
10 Клачков П., Шмулевич А. Удар по террористической пирамиде. Религиозный экстремизм и противодействие ему в условиях современного мира [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // http://www.apn.ru/publications/article21983.htm. (жүгінген күні: 12.04.2026).
11 Сайфулин И.С., Жигульский А.В. Историческое развитие российского государства в условиях пассионарности, консолидирующей экстремальные факторы политического процесса / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // elibrary.ru/defaultx.asp (жүгінген күні: 13.04.2026).
12 Мартинович В.А. К проблеме определения понятия «религиозный экстремизм» / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://journals.bsu.by/index.php/sociology/ru/article/view/1730 (жүгінген күні: 12.04.2026).

13 Қазақстан Республикасындағы діни ахуал туралы» және «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы» тақырыбындағы әлеуметтік зерттеулер // Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті, [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://www.gov.kz/memleket/entities/din/projects/details/729 (жүгінген күні: 12.04.2026).
14 Развитие религиозной ситуации в Казахстане: основные тренды / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://religions-congress.org/ru/news/novosti/2727 (жүгінген күні: 12.04.2026).
15 Радикализм онлайн: Анализ Смыслов, идей и ценностей насильственногоэкстремизма в центральной азии / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://internews.org/wp-content/uploads/2021/07/CentralAsia _Radicalism_Online_RUS.pdf (жүгінген күн: 12.04.2026).
16 Ермошина, М. А. Общественная безопасность, законность и правопорядок в III тысячелетии - 1-3. - Томск: , 2016 - 320 с.
17 Яхьяев М.Я. К вопросу об экстремизме в исламе / [Электронный ресурс] – Айналыс режимі: // https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-ekstremizme-v-islame/viewer (жүгінген күні: 12.04.2026).
18 Уве Бэкес, саяси экстремалдар Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі концептуалды тарихы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https: //www.routledge.com/Political-Extremes-A-conceptual-history-from-antiquity-to-the-present/Backes/p/book/9780415500500 (жүгінген күні: 12.04.2026).
19 Липсет М. Политический человек: социальные основания политики / Липсет М. США: , 2019 - 597 с.
20 Vanecko J.J. Types of Religious Behavior and Levels of Prejudice / Vanecko J.J. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://journals.bsu.by/index.php/sociology/en/article/view (жүгінген күні: 12.04.2026).
21 Арестов В.Н., Религиозный экстремизм: содержание, причины и формы проявления, пути преодоления : специальность 09.00.06 «научный атеизм» : Диссертация на соискание кандидата юридических наук / Арестов В.Н. ; Институт философии АН УССР. - Киев, 1984. - 5-20 с.
22 Liebman C. Extremism as a Religious Norm, Journal for the Scientific Study of Religion / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://journals.bsu.by/index.php/sociology/en/article/view (жүгінген күні: 12.04.2026).
23 Marty M.E., Appleby R.S., An Interim Report on a Hypothetical Family, Fundamentalisms Observed. – Chicago / - 1. - London: Chicago University Press, 1991 - 1-74 с.
24 Prus R Terrorism, Tyranny and Religious Extremism as Collective Activity: Beyond the Deviant, Psychological, and Power Mystiques / Prus R - 36 : The American Sociologist, 2005 - 47-74 с.

25 Wallis R. The cult and its transformation // In book: Sectarianism: Analyses of Religious and Non-Religious Sects - London: Peter Owen, 1975 - 29-198 с.
26 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 (жүгінген күні: 12.04.2026).
27 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 (жүгінген күні: 12.04.2026).
28 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (жүгінген күні: 13.04.2026).
29 Назаров В.Л., Суслонов П. Е., Профилактика экстремизма в молодежной среде - 978-5-7996-2453-8. - Екатеринбург: Учебное пособие, 2018 - 200 с.
30 Қазақстанда тыйым салынған 7 ірі террористік ұйым / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // mail.kz/kz/news/economic/kazakstanda-tyiym-salyngan-iri-terroristik-uiym (жүгінген күні: 12.04.2026).
31 ҚР тыйым салынған шетелдік ұйымдардың тізіміБаспаға шығару нұсқасы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://egov.kz/cms/en/articles/religion/zaprewennye_ordanizacii (жүгінген күні: 12.04.2026).
32 Ғалымтордағы «Тумба, Ақтау және Маңғыстау жаңалықтары» парақшасындағы басылым Алматы-2023., «Кого в РК привлекали к ответственности за электремизм и терроризм» 2017. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://ranking.kz/reviews/regions/kogo-v-rk-privlekali-k-otvetstvennosti-za-ekstremizm-i-terrorizm.html (жүгінген күні: 12.04.2026).
33 Кого в РК привлекли к ответственности за экстремизм и терроризм? / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://ranking.kz/reviews/regions/kogo-v-rk-privlekali-k-otvetstvennosti-za-ekstremizm-i-terrorizm.html (жүгінген күні: 12.04.2026).
34 М.Желудков Особенности механизма вовлечение несовершенолетних в совершение преступлений террористической направленности в зарубежных странах / М.Желудков [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-mehanizma-vovlecheniya-nesovershennoletnih-v-sovershenie-prestupleniy-terroristicheskoy-napravlennosti-v-zarubezhnyh/viewer (жүгінген күні: 12.04.2026).
35 Мужчина проводил дома незаконные религиозные занятия для детей в Туркестанской области / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://www.the-village-kz.com/village/city/news-city/31591-muzhchina-provodil-doma-nezakonnye-religioznye-zanyatiya-dlya-detey-v-turkestanskoy-oblasti (жүгінген күні: 12.04.2026).
36 Ислам мемлекетінің шейіттік насихатындағы балалар мен жасөспірімдердің бейнеленуі, 2015-2016 жж. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: //

https://ctc.westpoint.edu/depictions-of-children-and-youth-in-the-islamic-states-martyrdom-propaganda-2015-2016/ (жүгінген күні: 12.04.2026).
37 Marc Sageman Understanding Terror Networks 2004 / Marc Sageman - 232. - London: University of Pennsylvania Press, 2004 - 395 с.
38 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 (жүгінген күні: 30.04.2026).
39 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгінген күні: 12.04.2026).
40 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Күшін жойған Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1128-XII Заңы. Күші жойылды - ҚР 2011.10.11 № 483-IV Заңы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920004000_ (жүгінген күні: 13.04.2026).
41 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 23 желтоқсандағы № 51-VIII ҚРЗ / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000051 (жүгінген күні: 13.04.2026).
42 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (жүгінген күні: 13.04.2026).
43 Қазақстан Республикасындағы Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148_ (жүгінген күні: 12.04.2026).
44 Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ (жүгінген күні: 12.04.2026).
45 Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285 жүгінген күні: 12.04.2026).
46 Жусан операциясы сириядан оралганбалаларынын жағдай қандай / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://nege.kz/news/zhusan_operatsiyasi_siriyadan_oralgan_kazak_balalarinin_zhagdaii_kandai_20210601172312 (жүгінген күні: 12.04.2026).
47 Элизабет Тейлор&Саул Карновский Moral Disengagement and Building Resilience to Violent Extremism: An Education Intervention. Studies in Conflict & Terrorism. Australia: , 2013 - 385 с.

48 The Change Institute Study on the best practices in cooperation between authorities and civil society with a view to the prevention and response to violent radicalisation. London: The Change Institute, 2008 - 135 с.
49 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (жүгінген күні: 30.04.2026).
50 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483 (жүгінген күні: 12.04.2026).
51 Барановский В.Г., Наумкин В.В "Мир веры" и "мир неверия" / Барановский В.Г., Наумкин В.В [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://www.politstudies.ru/index.php?page_id=458&id=1485&jid=5453&jj=85 (жүгінген күні: 12.04.2026).
52 Щербанев, Д. Ю. Религиозный экстремизм: содержание, причины и формы проявления, пути преодоления : специальность 13.00.01. «научный атеизм» : Автореферат на соискание кандидата педагогических наук / Щербанев, Д. Ю. ; . - Санк-Петербург, 2009. - 68 с.
53 Esposito J. Islam and Politics / Esposito J. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://turkistanilibrary.com/sites/default/files/islam_and_politics.pdf (жүгінген күні: 12.04.2026).
54 Науменко Е.А Управление конфликтами / Науменко Е.А [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://www.koob.ru/naumenko_e_a/priklad_konfliktologiya_v_publich_upravl (жүгінген күні: 12.04.2026).
55 Нурлыбаева Г. К. Молодежный экстремизм и особенности противодействия ему со стороны полицейских служб великобритании / Нурлыбаева Г. К. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://elibrary.ru/item.asp?id=16404338 (жүгінген күні: 12.04.2026).
56 Gearon L. The Counter Terrorist Classroom: Religion, Education, and Security / Gearon L. [Электронный ресурс] – Айналыс режимі: // https://www.researchgate.net/publication/263198151_The_Counter_Terrorist_Classroom_Religion_Education_and_Security (жүгінген күні: 12.04.2026).
57 Moulin D. Religious Education in England after 9/11/ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі // :https: // www.researchgate.net/publication /254325816_Religious_Education_in_England_After_911 (жүгінген күн: 12.04.2026).
58 Казанцев А. Проблема вербовки и возврата боевиков-террористов: опыт Европы и перспективы России - 978-5-91891-476-2. - Москва: Спецкнига,2016-39с.
59 Голованова Н. А. Экстремизм в Великобритании: способы противодействия // Журнал росиского права. - 2014. - № 4. - 111 с.

60 About Us The Aik Saath Team / About Us [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://research.aciar.gov.au/aik-saath/about-program (жүгінген күні: 13.04.2026).
61 The United Kingdom’s Strategy for Countering International Terrorism. 2019, March (incorporating the changes of the correction slip provided on 8 May 2019) / [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: // https://www.gov.uk/government/publications/the-united-kingdoms-strategy-for-countering-international-terrorism (жүгінген күні: 13.04.2026).
62 Anderson D. Prevent strategy 'sowing mistrust and fear in Muslim communities' / [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: // https://www.theguardian.com/uk-news/2016/feb/03/prevent-strategy-sowing-mistrust-fear-muslim-communities (жүгінген күні: 13.04.2026).
63 Police teach anti-extremism classes in UK schools, fight radicalization / [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: // https://www.rt.com/uk/207775-uk-police-extremism-schools/ (жүгінген күні: 13.04.2026).
64 Косиченко А.Г. Глобализация и религия / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // cyberleninka.ru/article/n/globalizatsiya-i-religiya/viewer (жүгінген күні: 13.04.2026).
65 Бегалинов, А. С., Бегалинова, К. К. Об особенностях казахстанской модели толерантности в области межконфессиональных отношений// Барнаул:междунар. науч.-практ. конф, 2018. - 184 с.
66 Карин Е., Зенн Дж. Между ИГИЛ и Аль-Каидой: центральноазиатские боевики в Сирийской войне, 6017922009. - Астана, 2017 - 312 с.
67 Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233 (жүгінген күні: 13.04.2026).
68 Біріккен Ұлттар Ұйымының бас бостандығынан айрылған кәмелетке толмағандарға қатысты Ережелері БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жыл 14 желтоқсандағы 45/113 Қарары / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000005 (жүгінген күні: 13.04.2026).
69 Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы N 385 Жарлығы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U070000385_ (жүгінген күні: 13.04.2026).
70 Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерліктің алдын алу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші принциптері (Эр-Риядада қабылданған жетекші принциптер) БҰҰ Бас Ассамблеяның 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/112 қарары / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000007 (жүгінген күні: 13.04.2026).
71 Генеральная ассамблея ООН. Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года / [Электрондық ресурс] –

Айналыс режимі: // https://docs.cntd.ru/document/420355765 (жүгінген күні: 13.04.2026).
72 Газизов, Т. Ж., Суинова, А. С. Религиозный экстремизм и терроризм в Республике Казахстан // Вестник КарГУ. - 2012. - № 0142-0843. – 95 с.
73 Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығы. / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000648 (жүгінген күні: 13.04.2026).
74 Касымова, А. С. Огосударственной программе по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 гг. б особенностях казахстанской модели толерантности в области межконфессиональных отношений// «Профилактика экстремистской деятельности: проблемы и перспективы. - Москва: Сборник трудов научно-практической конференции, 2014. – 110 с.
75 Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталы «Қамқор» базасы / [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: // qamqor.gov.kz/crimestat/indicators (жүгінген күні: 13.04.2026).

1 қосымша

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша ЖАДЫНАМАСЫ

ҚР БП жанындағы ҚҚОА Жалпы заң
пәндері кафедрасының отырысында талқыланды
және мақұлданды

Дайындаған: магистрант А.Тайтелиев

Қосшы қаласы 2026 жыл

1-Қосымша

Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу бойынша ЖАДЫНАМА

(10–17 жас аралығындағыларға арналған)

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (2005 жылғы 18 ақпандағы №31 Заңы) 1-бабының 1 бөлімінің бір бөлігінде діни өшпенділікті немесе алауыздықты, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыру және (немесе) жасауы деп көрсетілген.

Діни экстремизмнің алғашқы белгілері басқа көзқарастарға төзбеушілік, лаңкесшілдік, үнемі насихаттау және күш қолдануға дайындық, психологиялық тұрғыдан, әлеуметтік оқшаулану, күйзеліске байыптылық және раидкалды топтарға еру болып табылады.

Діни экстремизм деген не?

Бұл – радикалды топ мүшелерімен «дұрыс сенім» деген ұғымымен адамдарға мыналарды сіңіру:

- басқа ұлт, басқа дін немесе басқаша ойлайтын адамдарға өшпенділік, менсінбеушілік таныту;
- тек бір топ қана «шын мәнінде дұрыс», қалғандары – жау, дұрыс жолдан кеткендер деген идеяны енгізу;
- Қазақстан заңдарын бұзуға шақыру (әскерге бармау, әскерге бармау, зорлық-зомбылық жасау);

Неге 10–17 жас – ең осал топ ретінде жатқызамыз?

Себебі !!!

- **10–13 жас:** қызығушылық, «ересек» болғысы келу, қарапайым жауап іздеу, радикалды топ мүшелерінің артынан еру;
- **14–17 жас:** өзін-өзі тану дағдарысы, ата-анаға, мектепке қарсы шығу, «өз» тобын іздеу, күшті эмоциялар, TikTok, Telegram, Instagram, YouTube-та көп уақыт өткізу (Әлеуметтік желілер мен чаттар негізгі вербовка арнасы);
- **Ортақ:** өмірлік тәжірибе аз, күрделі сұрақтарға жеңіл жауап іздеу, кез келген нәрсеге оңай сену.

Баланы тартуға тырысып жатқанын білдіретін белгілер (неғұрлым көп болса, соғұрлым қауіпті)

Ерте / орташа белгілер (көбіне 10–14 жас):

- кенеттен өте діни болып кетеді, бірақ отбасы дәстүріне ұқсамайды («музыкаға болмайды», «суретке түсуге болмайды»);

- ата-ананы, достарды, мұғалімдерді, полицияны, әскерді, мектепті күрт қатаң сынау;

- телефон/ноутбук экранын жауып қояды, чаттарды өшіреді, құпия сөз қояды;

- жаңа күдікті орта, ғаламторда достар пайда болады, бірақ ештеңе айтпайды;

- әдеттегі отбасылық дәстүрге ұқсамайтын діни жоралармен үлескен іс-әрекеттерді жасай бастайды;

- тек белгілі бір уағызшылардың (ҚР-да тыйым салынған) әңгімелерін тыңдайды.

Қауіпті және кеш белгілер (көбіне 14–17 жас):

- Мінез-құлқында ауытқуы, өзін-өзі оқшаулау, балаларда қатыгездік, агрессияның жоғарылауы, радикалды пікірлер мен идеяларға қызығушылығы басым болады, виртуалды радикалды ортаға қызығушылық, отбасымен, достарымен қарым-қатынас проблемалары туындайды, құпия кездесулерге қатысып, белгісіз тұлғалармен байланыс құрады.

- тыйым салынған ұйымдардың символикасы бар фото және видео таратады (тіпті жабық чаттарда)

Ата-аналарға, туыстарына не істеу керек? (қадамдық нұсқау)

1. Айқайламаңыз, күрт тыйым салмаңыз, ойын тыңдамау, – бұл тек қарсылықты күшейтеді

2. Жүректен шыққан әңгіме бастаңыз (телефонсыз, тыныш): «Мен сенің өзгергеніңді байқадым. Не болып жатыр? Мен сенің жағыңдамын»

3. Нақты өмірге қайтару:

- спорт, би, футбол, киберспорт, сурет салу, үй шаруасына көмектесу, отбасымен саяхат

- егер отбасы діни болса – дәстүрлі мешітке және шіркеуге бірге бару;

4. Ғаламтор желісіндегі көретін видео, фотосурет және т.б. материалдарын бақылау;

- ғаламтор желісінде қандай материалдар қызығушылық танытатыны қарап жатқанын бірге көріп, талқылау;

- «Ғаламторда көп жалған және манипуляция бар» деп түсіндіру;

- Дінге қатысты сұрақтар туындаған жағдайда мамандардан немесе мешіт имамдарынан сұрау;

5. Егер қауіпті болса – бірден құқық қорғау органдарына хабарласу (құпия болуы мүмкін):

10–17 жасқа арналған қауіпсіздік ережелерін түсіндіру бойынша келесі төмендегі аталған мәтін негізінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуге болады

- Жастар арасында дәстүрлі рухани-мәдени құндылықтарды насихаттау, зайырлы мемлекет қағидаларын түсіндіру;
- Толеранттылық, патриоттық тәрбие, діндер арасындағы бейбітшілік тақырыптарын ұдайы насихаттау;
- Ешкімге мекен-жайыңды, мектебіңді, үйіңнің суретін берме;
- Танымайтын адамдарды достарға қоспа, тіпті «өте ақылды сөйлейді» десе де;
- кез келген жерде белгісіз адамдар кездесуге шақырса – ата-анаға, досқа, мұғалімге айту;
- Ғаламтордан ақшаға тапсырма бергендер – тұзақ;
- Дін атын жамылып зорлық-зомбылық насихаттау – Қазақстанда қылмыс;
- Сен оқуға, достасуға, армандауға, музыка тыңдауға, спортпен айналысуға құқығың бар – бұл күнә емес, қалыпты жағдай;
- Қорқып немесе ұялсаң – 102 арнасына яғни Полиция департаментіне немесе ата-анаға қоңырау шал, ешкім сөкпейді;

Балалар есте сақта!

Нағыз дін – жақсылық, бейбітшілік, адамдарды құрметтеу.

Экстремизм – өшпенділік, қорқыныш және зорлық-зомбылық, дінмен жамылғандар.

Нағыз сенім ешқашан жек көруді немесе өлтіруді талап етпейді.

2-Қосымша

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары
_____ Ж.Р.Балабаев
2026 жылғы «__» _____
М.О

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты Тайтелиев Асхат Ақылбекұлының «Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмді алдын-алудың ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелерін енгізу актісі

Комиссия құрамы:
төраға 1) Үшінші басқарма бастығы
Мержан Мұратханұлы

және комиссия мүшелері 2) Үшінші басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі
Сулейменов Туремурат Сулейменович

3) Үшінші басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі
Ергалиев Ержан Хайруллаевич

Диссертациялық зерттеудің 2 бөлімінің «Кәмелетке толмағандар арасында экстремизмнің алдын алудың ұйымдастырушылық тетіктері мен құқық қолдану практикасы», 2.2 бөлімі «Құқық қолдану практикасын талдау және алдын алу шараларын іске асырудағы проблемаларды анықтау жетілдіру бойынша ұсыныстар» нәтижесінде «Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмнің алдын алу» туралы тақырыбында жадынама түрінде практикалық қызметке енгізу туралы осы актіні жасады.

Енгізу күні: 2026 жылғы «__» _____

Төраға: 1) _____ (Қолы) М. Мұратханұлы

Комиссия мүшелері: 2) _____ (Қолы) Т.С. Сулейменов

3) _____ (Қолы) Е.Х. Ергалиев

3-Қосымша

«БЕКІТЕМІН»
Есіл университетінің Қолданбалы ғылымдар факультетінің деканы
_____А.А. Мұхамеджанова
«____» _____2025 ж.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы магистрантының (докторантының) диссертациялық зерттеуінің немесе қызметкерінің ғылыми жұмысының нәтижелерін енгізу актісі

Комиссия құрамы:

- Төраға Есіл университетінің қолданбалы ғылымдар факультетінің деканы А.А. Мұхамеджанова **және комиссия мүшелері:**
- «Құқық» кафедрасының меңгерушісі заң ғылымдарының кандидаты - А.Қ. Қалиев;
- «Құқық» кафедрасының Заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор - Б.Т. Булеулиев;
- «Құқық» кафедрасының экономика ғылымдарының кандитаты қауымдастырылған профессор - С.Қ. Қапышева.

Магистрант А.Тайтелиевтің «Кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмді алдын-алудың ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілері» тақырыбы бойынша диссертациялық зерттеу материалдарын оқу процесіне енгізілгені туралы осы актіні жасады.

1. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің енгізудің қысқаша аннотациясы.

Диссертациялық зерттеудің 1.1 - бөлімінде «Кәмелетке толмағандар арасындағы экстремизм көріністерінің мәні, белгілері мен нысандарының түрлері қарастырылған. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен жинақталған материалдар "Құқық" кафедрасында оқытылатын "Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы" пәні аясында, "Қоғамның қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар" тақырыбы бойынша өтетін сабақта үшінші сұрақ негізінде қолдану.

2. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің енгізу нысаны: әдістемелік ұсыныстар мен дәріс материалдары түрінде оқу процесіне енгізу (дәрістер топтамасы, практикалық тапсырмалар, құқықтық талдау үлгілері).

3. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері ұсынылған материалдар мен тұжырымдар студенттердің кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизміне алдын-алу бойынша жүргізіліп жатқан шараларды тану және талдау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Берілген материалдар студенттердің кәмелетке толмағандар арасындағы діни экстремизмге қатысты орын алған жағдайларды талдауға бағыталған қабілетін дамытуға, құқықтық ойлау дағдысы мен кәсіби даярлық деңгейін

арттыруға ықпал етеді. Нәтижесінде білім беру үдерісінің сапасы жақсарып, студенттердің кәсіби тұрғыда даярлығын артыруға тиімділігін қамтамасыз етіледі.

4. Магистранттың диссертациялық зерттеуінің енгізу күні: 19.04.2025 жыл.

Төраға _____ **А.А. Мұхамеджанова**

Комиссия мүшелері: _____ **А.Қ. Қалиев**

_____ **Б.Т. Булеулиев**

_____ **С.Қ. Қапышева**